



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2024

«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ

МАЗМҰНЫ

01

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 15

1.1	Қызмет ету аумағы	16
1.2	Компания тарихы	18
1.3	Компанияның негізгі қызмет түрлері	20
1.4	Бизнес-модель	20
1.5	Жылдың маңызды оқиғалары	22
1.6	Халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға қатысу және халықаралық принциптерге сәйкес келу	31

02

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП 32

2.1	Компания қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін жүзеге асыру	34
2.2	Компанияның тарифтік саясаты	36
2.3	Жүк тасымалдау нарығына шолу	39
2.4	Өндірістік нәтижелер	42
2.5	Еншілес және тәуелді ұйымдар туралы ақпарат	49
2.6	Инвестициялық қызмет	50
2.7	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау (GRI 403-1, 403-10)	59

03

ТҰРАҚТЫ ДАМУ 62

3.1	Стейкхолдерлер және аспектілер	65
3.2	Экономикалық ықпал Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	68 74
3.3	Экологиялық жауапкершілік	79
3.4	Әлеуметтік жауапкершілік	83
3.5	Корпоративтік басқару жүйесі	90

КОНСОЛИДАЦИЯЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК 120

ГЛОССАРИЙ 178

04

ЕСЕП ТУРАЛЫ 180

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 185



«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

сандармен

Табыс



Жүк тасымалдаудан түскен табыс

26,391 млрд теңге



Терминалдық қызмет көрсетуден түскен табыс

6,034 млрд теңге

Қосалқы қызметтен түскен табыс

0,485

Операциялық пайда, млрд теңге

9,883

ЕБИТДА, млрд теңге

11,074





ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР

Жүк тасымалдау



Контейнерлерді тасымалдау
(пайдалану), мың ЖФЭ

43

Вагондарға жүктерді
ауыстырып тиеу,
мың тонна

728

Контейнерлерді
ауыстырып тиеу,
мың ЖФЭ

133

Контейнерлерге
қатысты КЭҚ,
мың ЖФЭ

478

Парниктік газдар
шығарындыларының
көлемі, мың т CO₂-экв
(1, 2 қамту)

3,09

Қоршаған ортаны
қорғау бойынша
шығындар, млн тг

35,329

Орташа тізімдік саны

1640 адам



Әйелдер
үлесі

Әлеуметтік қолдау
шығындары,
млрд тг

0,17

Бір қызмет-
керге оқыту
сағаттары

15

LTIFR
(1 млн адам-
сағатқа шаққанда)

0,4

Қалдықтар көлемі,
мың тонна

3,8

Энергия
ресурстарын
тұтыну, мың ГДж

61,855



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Негізгі көрсеткіштер	Жылдар		Өзгерістер	
	2024	2023	Абсолюттік мәні	%
Табыс, млрд тг, оның ішінде:	32,670	46,339	-13 670	-29%
Жүк тасымалдаудан түскен табыс, млрд тг соның ішінде:	26,391	40,837	-14,446	-35%
- вагон паркін пайдалану	5,905	28,444	-22,539	-79%
- ауыстырып тиеу қызметі	8,300	9,162	-861	-9%
- көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету	12,185	3,231	8,954	277%
Терминалдық қызмет көрсетуден түскен табыс, млрд тг	6,034	4,924	1,110	23%
Жүк вагондарын жалға беруден түскен табыс	0	0,191	-0,191	-100%
Қосалқы қызметтен түскен табыс	0,485	2,160	-1,675	-78%
Операциялық пайда, млрд тенге	9,883	13,339	-3,456	-26%
EBITDA, млрд тенге	11,074	15,716	-4,641	-30%

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Негізгі көрсеткіштер	Жылдар		Өзгерістер	
	2024	2023	Абсолюттік мәні	%
Жүк тасымалдау				
Контейнерлерді тасымалдау (пайдалану), мың ЖФЭ соның ішінде	43	225	-182	-81%
- импорт	3,521	43,761	-40,240	-92%
- экспорт	0,999	18,593	-17,594	-95%
- транзит	38,264	153,350	-115,086	-75%
- облысаралық	0,124	9,316	-9,192	-99%
Вагондарға жүктерді ауыстырып тиеу, мың тонна	728	737	-9	-1%
Контейнерлерді ауыстырып тиеу, мың ЖФЭ	133	146	-13	-9%
Контейнерлерге қатысты КЭҚ, мың ЖФЭ	478	321	157	49%

ҚОСЫМША КӨРСЕТКІШТЕР

Негізгі көрсеткіштер	Жылдар		Өзгерістер	
	2024	2023	Абсолюттік мәні	%
Орташа тізімдік саны, адам	1 640	1 725	-85,00	-4,9%
Әйелдер үлесі, %	20	19	1,00	5,3%
Әлеуметтік қолдау шығындары, млрд тг	0,17	0,4	-0,23	-57,5%
Бір қызметкерге оқыту сағаттары	15	53	-38,00	-71,7%
LTIFR (1 млн адам-сағатқа шаққанда)	0,4	0,4	0,00	0,0%
Өндірістік жарақат жағдайларының саны	1	1	0,00	0,0%
Өндірістік жарақаттардан қаза тапқандар саны	0	0	-	-
Парниктік газдар шығарындыларының көлемі, мың т CO ₂ -экв (1, 2 қамту)	3,09	3,1	-0,01	-0,3%
Қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындар, млн тг	35,329	33,196	2,13	6,4%
Қалдықтар көлемі, мың тонна	3,8	3,759	0,04	1,1%
Энергия ресурстарын тұтыну, мың ГДж	61,855	50,174	11,68	23,3%



«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ Жолдауы

GRI 2-22

Құрметті әріптестер, серіктестер, инвесторлар және жылдық есептің оқырмандары!

«Кедентранссервис» АҚ үшін 2024 жыл ауқымды өзгерістер, қарқынды даму және халықаралық позицияларды нығайту кезеңі болды.

Жылдың маңызды оқиғаларының бірі –Сиань қаласында (ҚХР) қазақстан-қытай логистикалық терминалының ашылуы болды. Жобалық қуаты жылына 133 мың ЖФЭ болатын бұл терминал Қытайды, Қазақстанды, Орталық Азияны және Еуропаны байланыстыратын жаңа халықаралық тасымал тізбегінің маңызды буынына айналды. Жыл қорытындысы бойынша Транскаспий халықаралық көлік бағыты арқылы 230 контейнерлік пойыз жөнелтілді.

«Кедентранссервис» АҚ BYD, Geely, HHLA компанияларын қоса алғанда халықаралық серіктестер қатарымен ұтымды стратегиялық келісімшарттар жасасты. Сондай-ақ Сиань қаласындағы (ҚХР) жүзеге асырылған жоба Eurasian Magistral Awards сыйлығының «Жылдың үздік жобасы» және «Сәтті бастау» номинациялары бойынша марапатталды.

«Кедентранссервис» АҚ логистикалық инфрақұрылымды тек Қазақстан аумағында ғана емес, одан тыс жерлерде де нығайтуда. Ауқымды стратегия аясында іске қосылуы Қытай, Қазақстан және Ресей арасындағы тасымалдарға қосымша серпін беретін «Алматы-2» жаңа көлік-логистика орталығы мен Астана қаласындағы КЛО мультимодальды хабтар желісі қалыптасуда.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша:

- контейнерлік тасымал көлемі 49%-ға өсіп, 478 мың ЖФЭ құрады;
- Қытайдан Ресейге бағытталған контейнерлік пойыздар қызметі 384 мың ЖФЭ-ге дейін ұлғайып, 62% өсім көрсетті;

- Қытайға астық жүктері тиелген экспорттық контейнерлерді тасымалдау 50 мың ЖФЭ болып, 7 есеге артты.

Сонымен қатар, есептік жылы «Кедентранссервис» АҚ ішкі терминалдарында 120 мыңнан астам ЖФЭ, ал шетелдік терминалдарында 23 мыңнан астам ЖФЭ-мен жұмыс жүргізілді.

«Кедентранссервис» АҚ стратегиялық көзқарас, тиімді басқару және негізгі серіктестермен сындарлы өзара әрекет ету нәтижесінде елеулі жетістіктерге жетті.

«Кедентранссервис» АҚ нарықтағы қауіп-қатерлерге тез тойтарыс беретін және логистика саласына тиімді шешімдер ұсына алатын сенімді оператор ретінде өз мәртебесін нығайтуда.

Құрметпен,
Ерлан Қойшыбаев



Ерлан Хамардинұлы ҚОЙШЫБАЕВ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары
«Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы



Елнар Ерікұлы ЖҰМАТАЕВ

Бас директор
(«Кедентранссервис» АҚ Басқарма Төрағасы)

«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ *Жалдауы*

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, әріптестер мен серіктестер!

2024 жыл «Кедентранссервис» АҚ үшін логистикалық терминалдардың жетекші операторы және Қазақстан Республикасының көлік-логистика саласындағы негізгі қатысушылардың бірі ретінде даму жолындағы маңызды кезең болды. Жаһандық логистикалық тізбектердің трансформациясы жалғасып жатқан жағдайда «Кедентранссервис» АҚ қаржылық тұрақтылығын, стратегиялық икемділігін және тиімділігін арттыру қабілетін көрсетті.

Мемлекет басшысының Қазақстанның көлік-логистикалық жүйесінің тұрақты дамуы мен әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында біз инфрақұрылымды дамыту және халықаралық бірлескен жобаларды іске асыру бойынша жұмыс жүргіздік. Халықаралық көлік дәліздерінің түйісу нүктелерінде қосымша терминалдық қуаттарды құруға ерекше назар аударылуда.

Маңызды жетістіктердің бірі – Сиань қаласында (ҚХР) Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co. Ltd. компаниясымен бірлесіп салынған және пайдалануға берілген қазақстан-қытай көлік-логистика орталығы болды. Жылдық қуаты 133 мың ЖФЭ болатын бұл терминал жаһандық сауда бағыттарының тоғысындағы стратегиялық торапқа айналып, Қытайдан Қазақстанға бағытталған жүктердің 40%-на дейін бірліктіруде.

Сонымен қатар, біздің бастамалар ішкі терминалдық желіні дамытуға бағытталған. Мысалы, Алматы қаласында ауданы 9,8 гектар болатын заманауи логистикалық кешен салу жобасы басталды. Астана қаласында серіктестердің қолдауымен қуаты 300 мың ЖФЭ дейінгі көлік-логистика орталығының жобасы жүзеге асырылуда.

«Кедентранссервис» АҚ өсіммен қатар тұрақтылықты да көрсетіп отыр. 2024 жылы біз TÜV Rheinland Kazakhstan ұйымының инспекциялық аудитінен сәтті өтіп, интеграцияланған басқару жүйеміздің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарына сәйкестігін растадық.

«Кедентранссервис» АҚ 2024 жылғы табысты қызметі бүкіл ұжымның кәсібилігі, жауапкершілігі мен еңбекқорлығының нәтижесінде болды.

Біз әр қызметкерімізге, сондай-ақ клиенттер мен серіктестерімізге білдірген сенімдері мен жемісті бірлестігіміз үшін алғыс білдіреміз.

Алда бізді ауқымды міндеттер мен жаңа сын-қатерлер күтіп тұр. Алайда біз халықаралық интеграцияға, технологиялық дамуға және инфрақұрылымдық базаны нығайтуға бағытталған беталысымыздың Қазақстанның жаһандық логистикадағы тұрақты көшбасшылығын қамтамасыз ететініне сенімдіміз.

Құрметпен,
Елнар Жұматаев



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

GRI 2-1

Жалпы мәліметтер

«Кедентранссервис» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасындағы терминалдық оператор болып табылады.



Қазақстан Республикасының
Үкіметі

«Самұрық-Қазына»
ұлттық әл-ауқат
қоры» АҚ

«Қазақстан темір
жолы» ұлттық
компаниясы» АҚ

«Кедентранссервис» АҚ

Компанияның жалғыз акционері – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ).

Бүгінгі таңда бұл Қазақстан Республикасындағы көлік-логистикалық қызметтер нарығында 27 жылдан аса табысты жұмыс істеп келе жатқан ірі логистикалық терминалдар операторы болып табылады.

1 Кесте – Компанияның ресурстары мен активтері

Мемлекетаралық түйісу пунктіндегі ауыстырып тиеу

Аумағы

Терминалдар

Қосымша ақпарат

Қойма алаңдары

Жобалық қуаттылығы

Жол шаруашылығының ұзындығы

Қызметкерлердің жалпы саны

Достық станциясы – 7; Алтынкөл станциясы – 3 ауыстырып тиеу орындары

304,05 га

18 (4 жалға)

51,7 мың м²

1 393 конт./тәулік

78 км

1 640 адам



ҚЫЗМЕТ ЕТУ

аумағы

Компания Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде кең географиялық қамтылымы бар мультимодальды, логистикалық терминалдардың кең желісіне ие.

Бұл Қазақстандағы вагондар мен контейнерлердегі жүк өңдеу көлемі бойынша ең ірі желі болып табылады.

GRI 2-1





КОМПАНИЯ

тарихы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 желтоқсандағы «Республикалық мемлекеттік кәсіпорын «Кедентранссервис» құру туралы» № 1750 қаулысына сәйкес, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүруді жүзеге асыру мақсатында шаруашылық жүргізу құқығында «Кедентранссервис» РМК құрылды.

МК «Кедентранссервис»-тің мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кеден комитеті белгіленді.

1

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің 1999 жылғы 26 мамырдағы «Қазақстан темір жолы» РМК мүлкін «Кедентранссервис» РМК беру туралы» № 2461 бұйрығына сәйкес «Кедентранссервис» РМК 21 жүк ауласы берілді.

2

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ауыстырып ұйымдастырылуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 12 қазандағы № 4114 Жарлығына сәйкес Кеден комитеті жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер министрлігіне ауыстырылды.

3

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 желтоқсандағы № 1750 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1374 қаулысына сәйкес «Кедентранссервис» РМК уәкілетті органы ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер министрлігі белгіленді.

4

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 маусымдағы ««Кедентранссервис» Республикалық мемлекеттік кәсіпорынын ауыстырып құру туралы» № 864 қаулысына сәйкес «Кедентранссервис» РМК «Кедентранссервис» ЖАҚ болып ауыстырып құрылды.

5

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415 Заңының талаптарына сәйкес 2004 жылғы 15 маусымда «Кедентранссервис» ЖАҚ «Кедентранссервис» АҚ болып ауыстырып тіркелді.



Компанияның негізгі қызмет түрлері

GRI 2-1, GRI 2-6

Компанияның негізгі қызмет түрлері:



Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету



Қазақстанның негізгі теміржол станцияларында вагондар мен контейнерлердегі жүктерді тиеу, түсіру және сұрыптау операциялары кіретін терминалдық өңдеу



ҚХР келетін вагондар мен контейнерлерді Достық және Алтынкөл станцияларында ауыстырып тиеу-түсіру



Вагон паркін пайдалану (жалға алынған вагондар паркі).

Бизнес-модель

GRI 2-6

2 Кесте – Компанияның стратегиялық бастамасы

Компанияның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясында Компания қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі стратегиялық бастама ретінде оңтайлы бизнес-модель мен мақсатты активтер құрылымын қалыптастыру көзделген.

01

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Көлік-экспедиторлық қызмет көрсету;
ҚХР келетін вагондар мен контейнерлерді Достық және Алтынкөл станцияларында тиеу-түсіру;
Қазақстанның негізгі теміржол станцияларында вагондар мен контейнерлердегі жүктерді терминалдық өңдеу;
Вагон паркін пайдалану (жалға алынған вагондар паркі).

02

РЕСУРСТАР

Компанияның ҚР аумағындағы жалпы қойма алаңы 51,7 мың м², ашық алаңы 2,5 млн м² шамасында және 78 шм жол шаруашылығы бар 17 өңірлік терминалы бар. Компания Достық станциясында (7 тиеу-түсіру орны) және Алтынкөл станциясында (3 тиеу-түсіру орны), сондай-ақ ҚХР 1 сыртқы терминалда вагондар мен контейнерлерді өз тиеу-түсіру алаңдарында өңдеуді қамтамасыз етеді.

03

ҚҰНДЫ ҰСЫНЫСТАР

Жүктерді терминалдық өңдеу бойынша сапалы қызметтер көрсету, Достық және Алтынкөл шекара станцияларында тиеу-түсіру жұмыстарын орындау, әртүрлі бағыттар бойынша контейнерлік тасымалдарды жүзеге асыру.

04

КЛИЕНТТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Customer Relationship Management (CRM) жүйесін, тарифтік калькулятор және Клиенттің жеке кабинетін енгізу арқылы Компанияның бизнес-процестерін цифрландыру. Жүк жөнелтушілермен бейнеконференция өткізу. Компанияның танымалдылығын арттыру үшін сайтты жетілдіру және ребрендинг жүргізу.

РЕТТЕУШІ ОРТА

Операциялар, экспедициялар және терминалдық қызметтер бойынша тарифтер нарықпен реттеледі. Шамадан тыс жүктеме бойынша тарифтерді темір жол ынтымақтастығы ұйымының комитеті бекітеді

05

ТҰТЫНУШЫ СЕГМЕНТТЕРІ

Жүк Жөнелтушілер, Жүк Алушылар, Экспедиторлар

06

СЕРІКТЕСТЕР

Тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер.
Көлік-логистикалық компаниялар

07

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚА ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС беру-әкету қызметтерін, теміржол тарифін төлеу.
«KTZ Express» АҚ-пен бірлесіп контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру.

08



Жылдың МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

АҚПАН

2024 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен телекөпір форматында Сиань қаласында көлік-логистика орталығының ашылуы және пайдалануға берілуі рәсімі өтті.

Аталған терминал Қытайды Қазақстанмен, Орталық Азиямен және Еуропамен тікелей байланыстыруды қамтамасыз етеді. Қазақстандық терминалдың жобалық қуаты жылына 133 мың ЖФЭ, бұл жүк жеткізу жылдамдығын арттыруға, қазақстандық экспорттаушылар үшін өткізу нарықтарын кеңейтуге және елдің маңызды транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.



НАУРЫЗ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Әзербайжанға мемлекеттік сапары аясында жаңа қазақстандық көлік-логистика орталығынан шыққан контейнерлік пойыздың Сиань қаласына келуіне орай телекөпір өткізілді.

Контейнерлік құрам шамамен 7 мың шақырымды 11 күнде еңсеріп, жаңа логистикалық бағыттың тиімділігін дәлелдеді.

2024 жылғы 19 наурызда Сиань қаласынан Джизақ қаласына автомобиль өндіруге арналған жабдықтар тиелген 50 қырық футтық контейнерден тұратын алғашқы контейнерлік пойыз жөнелтілді.

Компания Қытайдың барлық өңірлерінен жүк ағындарын шоғырландыру және түрлі халықаралық бағыттарға контейнерлік пойыздарды қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізе отырып, жеткізілім аумағын кеңейтуде. Сондай-ақ, Компания автомобильдер, автокөлік бөлшектері мен техника шығаратын ірі өндірушілермен шарттар жасасты. Бұл тұрақты жүк ағынын қамтамасыз етіп, Қазақстанның өңірдегі көшбасшылығын нығайту және оның негізгі транзиттік хаб ретінде қалыптасуына мультипликативтік оң әсерін тигізеді.

Сиань қаласындағы терминалдың жалпы ауданы 6,7 гектарды құрайды және оған 43 534 м² контейнерлік алаң мен 4 680 м² жабық қойма кіреді, онда терминалдық және қоймалық қызметтердің толық спектрі ұсынылады.

СӘУІР

2024 жылдың сәуір айында TÜV Rheinland Kazakhstan жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген инспекциялық аудит сәтті өтті.

Аталған ұйым – TÜV Rheinland компаниясының Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі эксклюзивті өкілі болып табылады. Аудит нәтижелері бойынша Компанияның интеграцияланған басқару жүйесінің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі расталды.



МАУСЫМ

2024 жылғы 25–27 маусым аралығында «ҚТЖ» ұлттық компаниясы» АҚ тобының делегациясы Шанхай (ҚХР) қаласында өткен Transport Logistic China 2024 халықаралық көлік-логистика көрмесіне қатысты.

Transport Logistic China – 1978 жылдан бері өткізіліп келе жатқан, көлік, логистика, ақпараттық технологиялар және жеткізу тізбегін басқару саласындағы әлемдік жетекші көрме болып табылады. Биылғы жылы көрмеге әлемнің түкпір-түкпірінен 600-ден астам қатысушы-экспонент қатысты, олардың қатарында Германия, Италия, Чехия, Сингапур, Сауд Арабиясы және басқа да елдердің ұлттық павильондары ұсынылды.

Көрмеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ стендіне қатысушылар мен келушілер тарапынан ерекше қызығушылық байқалды. Бас директор Елнар Жұматаевтың басшылығымен Компания өкілдері көлік-логистика компанияларымен бірқатар кездесулер өткізіп, әлеуетті серіктестерге Қазақстан арқылы өтетін бағыттардың артықшылықтары мен көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат берді. Кездесулер барысында Қытайдан Қазақстан арқылы өтетін жүк ағындарын ұлғайту және контейнерлік тасымалдарды дамыту перспективалары талқыланды.

Іс-шара кезінде қатысушылар Қытай – Еуропа бағыты бойынша сервистерді жетілдіру және ілгерілету мүмкіндіктері жөнінде пікір алмасып, сындарлы диалог жүргізді.



МАУСЫМ

2024 жылғы 23–27 маусым аралығында Чжэцзян провинциясы мэриясының делегациясы Қазақстанға іссапармен келді. Сапар барысында делегация Компанияға тиесілі Алтынкөл станциясының, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның, «KTZE – Khorgos Gateway» және «Көлжат» құрғақ порттарының, сондай-ақ KIF Warehouses қойма кешенінің қызметімен танысты.

Бұл сапардың алдында, 2024 жылдың маусым айының басында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен Чжэцзян провинциясы мэриясы арасында терминалдық қызметті бірлесіп дамыту туралы Меморандумға қол қойылған болатын.

Сонымен қатар, Чжэцзян провинциясының Цзиньхуа және Иу қалаларының мэрия делегациясы Ақтау мен Астана қалаларына барып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен «Ақтау теңіз порты» ЕЭА басшылығымен бірқатар іскерлік кездесулер өткізді.

Чжэцзян – Қытайдың шығысындағы ең экономикалық дамыған провинциялардың бірі, ол 17-ден астам портқа ие маңызды логистикалық торап болып табылады. Олардың ішінде Цзиньхуа және Иу қалалары ерекше рөл атқарады. Бұл қалалар Қытай – Еуропа және Қытай – Орталық Азия бағыттарындағы контейнерлік пойыздарды қалыптастыруда негізгі рөлге ие.

Қазақстан мен Чжэцзян провинциясы арасындағы ынтымақтастықты дамыту логистикалық тізбектерді

нығайтуға және терминалдық инфрақұрылымды бірлесіп дамытуға бағытталған. Бұл өз кезегінде екі ел арасындағы экономикалық өсім мен сауда байланыстарын күшейтуге ықпал етеді.

2024 жылғы 30 маусымда «Қытай-қазақ сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ бірлескен кәсіпорнының атынан Сиань қаласынан BYD Uzbekistan Factory компаниясының автомобиль өндірісіне арналған жүк тиелген контейнерлік пойыз жөнелтілді. Пойыз құрамындағы автомобильге арналған қосалқы бөлшектер тиелген 50 қырық футтық контейнермен Сиань (ҚХР) – Алтынкөл эксп. (Қазақстан) – Джизақ (Өзбекстан) бағытына жөнелтілді.

Аталған бағыт бойынша жүру арқылы контейнерлік пойыз елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашып, тұрақты жүк ағынын қамтамасыз етеді және Қазақстанның өңірдегі негізгі транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мультипликативтік оң әсерін тигізеді.

Сиань қаласындағы қазақстан-қытай терминалы стратегиялық маңызы бар жоба болып табылады. Ол Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк логистикасы мен тасымалында маңызды рөл атқаратын Қытайдағы ең ірі «құрғақ порттан» тұрады. Бұл терминал Қазақстанға жөнелтілетін контейнерлік пойыздардың жалпы көлемінің 40%-на дейінін қалыптастырады.



ШІЛДЕ

Электромобильдер мен автокөлік қосалқы бөлшектерінің ірі өндірушісі BYD компаниясымен жасалған шарт аясында 2024 жылғы 11 шілдеде Сиань қаласындағы қазақстан-қытай логистикалық терминалынан Джизақ қаласына құрамында автокөлік қосалқы бөлшектері мен өзге де аксессуарлар тиелген контейнерлік пойыз жөнелтілді.

Бүгінгі таңда Сиань қаласындағы терминал үздік логистикалық тәжірибелерді қолдана отырып, көлік-логистикалық қызметтердің толық спектрін ұсынады.



2024 жылғы 18 шілдеде Астана қаласында Компания басшылығының Еуропаның жетекші көлік-логистикалық компанияларының бірі – Hamburger Hafen and Logistik AG (HHLA) компаниясының Бас директоры Филип Свинспен кездесуі өтті.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде терминалдық қуаттарды дамыту бойынша бірлескен жобаларды іске асыру, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша контейнерлік тасымалдарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Келіссөздер нәтижесінде көліктік-экспедиторлық қызметтер көрсету туралы келісімге қол қойылды.

ТАМЫЗ

Тамыз айында Хива қаласында Қазақстан мен Өзбекстан басшылары Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағыты бойынша жүк тасымалдарын ұйымдастыру және Трансауған бағытын дамыту жөнінде уағдаласты.

Осы келісім аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан арқылы Қытайдан Өзбекстанға жүк жеткізудің жеделдетілген сервисін таныстырды.

Жүк пойызы Сиань қаласындағы терминалдан жөнелтіліп, контейнерлер «KTZE Khorgos Gateway» құрғақ портында ауыстырып тиеуден өтті және «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі арқылы Ташкент станциясына дейін жеткізілді. Жалпы ұзындығы 4 486 км бағыт небәрі 5 тәулікте жүріп өтілді – бұл рекордтық көрсеткіш болып табылады.

Мұндай нәтижеге «ҚТЖ» ҰК» АҚ -тың Қытайдағы терминалдық мүмкіндіктері мен Қазақстан мен Өзбекстан теміржол әкімшіліктерінің тиімді өзара іс-қимылының арқасында қол жеткізілді.

2024 жылғы 23 тамызда Баку қаласында өткен көшпелі кеңес барысында Компания, Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd және «Баку халықаралық теңіз сауда порты» ЖАҚ өкілдері Алят портында интермодальды терминал құру жобасын бірлесіп іске асыру, бірлескен кәсіпорын құру және мультимодальды тасымалдарды ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Жаңа терминалдың жобалық аумағы 5 гектарды құрайды және ол Аляттағы қолданыстағы терминалға іргелес орналасады. Жоба аясында жалпы ауданы 3 500 м² болатын «В» санатындағы жабық қойма кешені бар әмбебап жүк алаңын салу көзделген. Бұл жобаның маңызды бөлігі – өңірдің халықаралық нарықтағы позициясын нығайтуға ықпал ететін Транскаспий халықаралық көлік бағытының (бұдан әрі - ТХКБ) инфрақұрылымын дамыту.



ҚЫРКҮЙЕК

Компания NORINCO International Cooperation Ltd өндіріген ұзындығы 25 метрлік рельстерді Баотоу (ҚХР) – Чукурсай станциясы (Өзбекстан) бағытына транзиттік тасымалдауды ұйымдастыруда.

2024 жылғы 12 қыркүйекте Алтынкөл станциясындағы терминалда жалпы салмағы 2 145 тонна рельс партиясы сәтті ауыстырылып тиелді. Жоспарланған операциялар аясында жыл соңына дейін шамамен 11 мың тонна рельс жөнелтіледі деп күтілуде.

Ұзын өлшемді жүктерді тасымалдау мен тиеу-түсіру процесі бекітілген техникалық нормалар мен жүктеу/бекіту сызбасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және механикалық зақымданулардың алдын алу мақсатында траверстерді қоса алғанда, арнайы жабдықтар қолданылады.

2024 жылғы 20 қыркүйекте ТХКБ-ға мүше елдердің компаниялары Сиань қаласындағы жүк терминалына барып, оның қызметімен танысты.

«Қытай-қазақ сауда-логистикалық компаниясы» ЖШҚ Бас директоры Садваккас Сейтжанов атап өткендей, жалпы ауданы 6,7 гектар болатын терминал (оның ішінде 43 534 м² контейнерлік алаң және 4 680 м² жабық қойма) жылына 133 мың ЖФЭ жобалық қуатқа ие.

Терминалдың негізгі көлік дәліздері мен жүк ағындарының қиылысында тиімді орналасуы тауарлардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін хабтық жүйе құруға мүмкіндік береді.



Логистикалық тізбектердің жаһандық өзгеруі мен тасымал көлемдерінің жыл сайынғы артуы жағдайында контейнерлік пойыздардың 30%-дан астамы Сиань қаласынан Еуропалық Одақ елдеріне, ал ТМД елдерінен келетін импорттың шамамен 40%-ы Сиань арқылы өтеді.

Терминал теміржол және автокөлік көлігімен Орталық Азия, ТХКБ елдері және Ресейге бағытталған халықаралық бағыттар бойынша жөнелтуді ұйымдастыра отырып, Қытайдың барлық өңірлерінен келетін жүктердің едәуір бөлігін шоғырландырады және өңдейді. Сонымен қатар, терминал жергілікті қызметтердің кең спектрін – сақтау, жүктерді сақтандыру, кедендік ілеспелеу және басқа да қызметтерді ұсынады.

Тасымалдарды ұйымдастырудағы кешенді тәсіл клиенттер үшін жеткізудің қарапайымдылығын және қолайлылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ «есіктен есікке дейін» қағидаты бойынша алғашқы және соңғы миля технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Өңірдің негізгі жүк жөнелтушілері – автокөлік және құрамдас бөлшектер өндірушілері, электроника, жабдықтар, металл өнімдері және жинақталған жүктер болып табылады.

Терминал ашылған сәттен бастап BYD, Geely, Chery және Hongqi сияқты ірі автокөлік өндірушілерімен Джизақ қаласына (Өзбекстан) жүк тасымалдарын ұйымдастыру бойынша келісімшарттар жасалды. Осы келісімдер аясында 87 контейнерлік пойыз тасымалданды.

ҚАЗАН

2024 жылғы 3 қазанда Астана қаласындағы тыл терминалда он мыңыншы контейнер ауыстырылып тиелді. Достық және Алтынкөл МАТП пойыз жүктемесін азайту мақсатында Қытай – Ресей және Қытай – Беларусь бағыттарымен транзитпен өтетін жүк ағындарының бір бөлігін Астана қаласындағы терминалға ауыстырып бағыттау және тиеу-түсіру жұмыстары жүргізілуде.

Астана тыл терминалының қатысуымен 310 контейнерлік пойызы/36 ЖФЭ өңделді.

2024 жылғы 9 қазанда TransLogistica Kazakhstan халықаралық көрмесі аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Ерлан Қойшыбаев пен «ФинИнвест» ЖШҚ Бас директоры Александр Кахидзе Қазақстан және Ресей Федерациясы аумақтарында контейнерлік терминалдар салу үшін бірлескен кәсіпорын құру перспективасын талқылады. Аталған жобаның мақсаты – жүк ағындарын тиімді терминалдық өңдеу мен бөлу жүйесін ұйымдастыру және Қытай – Қазақстан – Ресей бағыты бойынша тасымалдау жүйесін жетілдіру болып табылады.

2024 жылғы 9-11 қазан аралығында Қазақстан астанасы – Астана қаласында, «EXPO» ХКО-да көлік-логистика саласындағы ең ірі іс-шаралардың бірі – «TransLogistica Kazakhstan 2024» халықаралық көрмесі өтті.

Компания іс-шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ акционері атынан біріккен стендпен қатысты. Көрме аясында Компания өкілдері саланың қатысушыларымен іскерлік кездесулер өткізіп, тәжірибе және ақпарат алмасты.

Көрме Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлік тасымалдаушылар одағының, Қазақстан вагон операторлары мен тасымалдаушылар қауымдастығының, сондай-ақ Ұлттық экспедиторлар қауымдастығының қолдауымен өтті.

2024 жылы көрмеге 19 елден 213 компания қатысты, олардың қатарында: Австрия, Әзербайжан, Беларусь, Болгария, Германия, Грузия, Үндістан, Қазақстан,

Қытай, Литва, Латвия, БАӘ, Ресей, Румыния, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Швейцария және Эстония бар. Қатысушылар көлік технологиялары мен логистикалық процестердегі заманауи шешімдерді қолдануға ерекше назар аударды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ көрмеге шығарылған стенді «Ең үздік ұжымдық стенд» («Best collective stand») номинациясына ие болды.

Көрме аясында көлік-логистика саласының өзекті мәселелерін талқылауға арналған маңызды конференциялар өтті. Олардың ішінде: «Қазақстанда теміржол көлігі мен инфрақұрылымды дамыту», «BreakBulk Kazakhstan ірі габаритті және ауыр жүктерін тасымалдау», I конференция «Көлік және логистикадағы IT-шешімдер» және III халықаралық конференция «Қазақстандағы қоймалық логистика нарығы». Конференция қатысушылары ынтымақтастықты дамыту жолдарын талқылап, жаңа іскерлік байланыстар орнатты.

2024 жылғы 22-23 қазанда Астана қаласында Компания басшылығының «ФинИнвест» КТ мен «LO Qazaqstan» ЖШС өкілдерімен кездесуі өтті. Кездесу барысында тараптар контейнерлік тасымалдарды дамыту және Қазақстан мен Ресей Федерациясы теміржол желісіндегі көлік-логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру саласында ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Сапар аясында «ФинИнвест» және «LO Qazaqstan» өкілдері Компанияның Астана және Ақмола облысындағы терминалдарын аралап, теміржол инфрақұрылымымен танысты.

Екі күндік кездесудің қорытындысы бойынша тараптар өзара тиімді ынтымақтастық мәселелерін және ақпарат алмасуды жалғастыру, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей Федерациясы аумағында контейнерлік терминал салу мәселесін қарастыру туралы шешім қабылдады. Жобаның мақсаты – Қытай Халық Республикасы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты және кері бағыт бойынша теміржол көлігімен тасымалданатын жүктерді тиімді терминалдық өңдеу мен бөлу жүйесін ұйымдастыру болып табылады.



ҚАРАША

2024 жылғы 12 қарашада Баку қаласында өткен БҰҰ-ның климат өзгеруі жөніндегі 29-конференциясы аясында Алят теңіз портында интермодальды жүк терминалын құру жобасын іске асыру туралы келісімге қол қойылды.

Бұл қадам «ҚТЖ» ҰК» АҚ шетелдегі терминал желісін кеңейту стратегиясының бір бөлігі болып табылады және Мемлекет басшысының Қазақстанды халықаралық көлік бағыттарына интеграциялауды күшейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес келеді.

Құжатқа SK-AIH Investment Fund Ltd (яғни «Самұрық-Қазына» АҚ және Azerbaijan Investment Holding), «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Баку халықаралық теңіз сауда порты» ЖАҚ (Әзірбайжан) және Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd (ҚХР) өкілдері қол қойды.

Жоба әзербайжан тарапынан Алят портының жер учаскесін, жұмыс істеп тұрған айлақтарын және терминалдық қуаттарын ұсыну арқылы жүзеге асырылуда. Жаңа интермодальды терминал Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша ТХКБ арқылы контейнерлік тасымал көлемін арттыруға, жеткізу мерзімдерін қысқартуға, тасымалдардың өзіндік құнын төмендетуге және тиеу-түсіру уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

2024 жылғы 13 қарашада Қытай Халық Республикасының Көлік министрінің бірінші орынбасары Сюй Чэнгуан жұмыс сапары аясында Сиань қаласындағы қазақстан-қытай серіктестігі негізінде құрылған көлік-логистика терминалына барды.

Сапар барысында мырза Сюй Чэнгуан компанияның ағымдағы жобаларымен танысып, терминалдың халықаралық логистикадағы рөлін зерделеді және ТХКБ мен Солтүстік дәліз бойындағы терминалдық желіні дамыту перспективаларын талқылады.

Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қытайды Орталық Азиямен, Таяу Шығыспен, Еуропамен және Ресеймен байланыстыратын Сиань қаласындағы қазақстан-қытай терминалы логистикалық инфрақұрылымда маңызды орын алады. Терминал қызметі Қытай мен Қазақстан арасындағы халықаралық көлік-логистикалық байланыстарды нығайтуға бағытталған «Бір белдеу – бір жол» бастамасын іске асыруға белсенді түрде үлес қосуда.

ЖЕЛТОҚСАН

2024 жылғы 3 желтоқсанда Сиань қаласындағы қазақстан-қытай терминалынан ТХКБ бағыты бойынша 300-ші контейнерлік пойыз жөнелтілді. Аталған мерейтойлық пойыздың Әзірбайжанға Қазақстан арқылы жөнелтілуі ADY Express (Әзербайжан) және Xi'an Free Trade Port (Қытай) сияқты бағыттың негізгі серіктестерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Бұл пойыз жүк жөнелтушілердің ТХКБ-ға жоғары қызығушылығын және оның Қытай мен Еуропаны байланыстыратын негізгі көлік дәліздерінің бірі ретіндегі стратегиялық маңызын айқын көрсетеді. Салыстырмалы түрде алғанда, 2023 жылы ТХКБ бағытымен барлығы 11 контейнерлік пойыз тасымалданса, 2024 жылдың басынан бастап – 300 пойыз жөнелтілді. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдардағы нәтижелерден бірнеше есе асып түсіп, ТХКБ тиімділігінің қарқынды өсуін дәлелдеді.

Сиань қаласындағы терминал ТХКБ дамуына жаңа серпін берген маңызды логистикалық торапқа айналды. Қытайдың түрлі провинцияларынан келетін жүктерді шоғырландыру логистикалық процестерді оңтайландыруға мүмкіндік беріп, тасымал көлемінің артуына ықпал етті. Бұл жетістік «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Қытай, Әзірбайжан және ТХКБ қатысушы өзге де елдердің теміржол және порт әкімшіліктерімен үйлесімді жұмысының нәтижесі болып табылады.

Анықтама: 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қытайдан ТХКБ арқылы тасымал көлемі 27 мың ЖФЭ-ден асты, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 25 есе көп.

2024 жылғы 3 желтоқсанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы Алматы-2 логистикалық кешенін салу жобасының іске асырылу барысымен танысты.

2024 жылдың соңына қарай инженерлік-геодезиялық және геологиялық зерттеулер аяқталып, боршалау жұмыстары басталды. Кешен 9,8 гектар терминал аумағында салынады және оның құрамына 23 400 м² жабық қоймалар мен 9 000 м² контейнерлік алаң кіреді. Жобалық қуаты – 115 мың ЖФЭ құрылыс 2025 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Жобаны іске асыру Қытайдың барлық өңірлерінен келетін жүктерді тиімді шоғырландыруға, сондай-ақ Алматы мен Алматы облысында импорттық хаб құруға мүмкіндік береді, бұл өңірдің логистикалық тиімділігін едәуір арттырады.

2024 жылғы 4 желтоқсанда Компания мен «ФинИнвест» компаниялар тобының Астанада мультимодальды көлік-логистика орталығын салу жөніндегі бірлескен жобасы туралы хабарланды.

Жобаның алдын ала қуаты – 300 мың ЖФЭ, ал іске асыру мерзімі – шамамен бір жарым жыл. Қазіргі заманғы терминалдық инфрақұрылымды дамыту Қазақстан мен Ресей арасындағы транзиттік тасымалдарға жаңа серпін беріп, халықаралық көлік дәліздері бойынша контейнерлік жүк ағындарының ұлғаюына ықпал етеді. Сонымен қатар, «ФинИнвест» өкілдерінің айтуынша, жоба Ресейдің шикізаттық емес және энергия ресурстарына тәуелсіз экспортын арттыруға, ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ пікірінше, Қазақстан арқылы өтетін ресейлік жүк транзитін көбейтуге мүмкіндік береді.

«Халықаралық көлік дәліздері дирекциясы» КЕҰА шетелдік жобалар және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бастығы Наталья Задонскаяның айтуынша, Астана қаласындағы көлік-логистика орталығы географиялық орналасуының арқасында «Солтүстік-Оңтүстік» ХҚД бөлігі ретінде ғана емес, Қазақстан аумағындағы басқа да көлік бағыттары үшін де пайдаланылуы мүмкін.

«ФинИнвест» басшысы Александр Кахидзе «Көлік апталығы – 2024» аясында сөйлеген сөзінде теміржол тасымалдарының көлемі төмендеп, автокөлік тасымалдарының артып келе жатқанын атап өтті. Ол мұны жүктер жеткізудің соңғы кезеңдеріндегі инфрақұрылымның жеткіліксіздігімен байланыстырды. «Барлығы Ресей мен Қазақстандағы көлік-логистика орталықтарының дамуына байланысты болады», – деді Кахидзе.

2024 жылғы 19 желтоқсанда Компания жобалары «Магистраль Awards–2024» көлік және логистика саласындағы беделді Еуразиялық сыйлығының екі бірдей номинациясы бойынша марапатталды: «Жылдың үздік жобасы» және «Сәтті бастау».

Сиань қаласындағы көлік-логистика терминалы «Жылдың үздік жобасы» ретінде танылды. Қысқа мерзімде салынған

бұл терминал Қытай мен халықаралық бағыттардан келетін жүктер үшін негізгі логистикалық хабқа айналды. Жобалық қуаты жылына 133 мың ЖФЭ болатын терминал жеткізу мерзімдерін қысқартып, «соңғы миля» қағидаты бойынша толық көлік-логистикалық қызметтерді қамтамасыз ету арқылы логистиканы едәуір жақсартты. Өңірдің негізгі жүк жөнелтушілері – автомобиль, электрондық компоненттер, металл бұйымдары және жинақталған жүктер өндірушілері. Терминал ашылғаннан бері шамамен 23 мың ЖФЭ өңделді, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 83 мың ЖФЭ-ге дейін арттыру жоспарлануда.

«Сәтті бастау» номинациясында Компания Әзірбайжанның Алят теңіз портындағы интермодальды жүк терминалын құру жобасы үшін марапатталды. Жоба 2024 жылғы 12 қарашада Баку қаласында өткен БҰҰ климаттың өзгеруі жөніндегі COP-29 конференциясы аясында ресми түрде іске қосылды. Аумағы 5 гектар, ал жылдық қуаты 1,5 млн тоннадан асатын жаңа терминал құрамына 5 000 м² жабық қойма кешені бар әмбебап жүк алаңы және 1 000-нан астам контейнерге арналған контейнерлік алаң кіретін болады. Бұл жоба Қытай, Қазақстан және Әзірбайжанның жетекші көлік-логистика хабтарын біріктіретін бірыңғай көлік платформасын құра отырып, логистикалық процестерді оңтайландыруға және тасымал көлемін арттыруға септігін тигізеді.





Халықаралық ұйымдарға, ассоциацияларға қатысу және халықаралық принциптерге сәйкес келу

GRI 2-28



2001 жылдан бастап

Қазақстан экспедиторларының ұлттық қауымдастығы (ҚЭҰҚ)
Алматы қ., Қазақстан Республикасы



www.kffanek.kz



2013 жылдан бастап

«KAZLOGISTICS» Көлік және логистика ұйымдары мен қауымдастықтарының одағы» ЗТБ
Астана қ., Қазақстан Республикасы



www.kazlogistics.kz



2014 жылдан бастап

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
Астана қ., Қазақстан Республикасы



www.atameken.kz



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Компанияның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясы Компанияның миссиясын, көзқарасын және стратегиялық мақсаттарын, сондай-ақ он жылдық кезеңге қойылған мақсаттарға жету үшін даму бағыттарын айқындайды.

МІНДЕТ

Қазақстан Республикасының жүйеқұраушы көлік компаниясы ретінде біз ұлттық экономиканың және қоғамның терминал инфрақұрылымын басқару қажеттілігін қанағаттандырамыз.

КӨРІНІС

Біз – экономикалық тиімділік, қауіпсіздік, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарына негізделген терминал инфрақұрылымы қызметтерін ұсынатын жетекші компаниямыз.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Бизнес ауқымын ұлғайту және қызмет тиімділігін арттыру есебінен капиталдандыруды көбейту.

2032 жылға дейін Компанияның мақсатты ұстанымына қол жеткізу үшін келесі стратегиялық мақсаттарды іске асыру ұсынылады:

01

Терминал инфрақұрылымын басқару тиімділігін арттыру.

02

Транзиттік тасымалдардың дамуына жәрдемдесу.

03

Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру.

Цифрландыру.

04

ESG қағидаттарын енгізу.

05

Өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

06





Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мақсатында Компанияның 2032 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, орындалуда.

Компания қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін жүзеге асыру

Қойылған мақсаттарға қол жеткізуді өлшеу қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚНҚ) орындау арқылы жүзеге асырылады.

ҚНҚ нысанды мәндері Компанияның бекітілген даму жоспарына сәйкес айқындалған.

3 Кесте. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚНҚ орындалуын талдау

ҚНҚ атауы	Өлш. бірл.	2023 факт	2024 жоспар	2024 факт	2024/2023 өзгерістер %
EBITDA margin	%	34	23,3	33,9	0,3%
Компанияның Достық және Алтынкөл станцияларында вагондарда тасымалданатын жүктер бойынша ауыстырып тиеу үлесі	%	42	43	45	7%
Өндірістік қауіпсіздік деңгейі	Кoeffициент/%	A1=0,44	A1=0,74	A1=0,59	34%
		A2=0,29	A2=0,13	A2=0	-
		A3=449	A3=324	A3=503	12%
		A4=96,2	A4=96,2	A4=99,6	3,5%
Клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі	%	86	88	91	6%
2024 жылдың қорытындысы бойынша дебиторлық берешектің шекті деңгейі (дебиторлық берешектің кіріске қатынасы)	%	16,25	2,5	40,6	-150%
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	68	66	71	4%
Есепті кезеңдегі проблемалық дебиторлық берешекті азайту (2023 жылғы 31 желтоқсандағы 3 017 966 мың теңге көлеміндегі берешекке қатысты)	%		3,9	0,36	0

2025 жылға арналған Компанияның мақсаттары мен міндеттері

2024 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның басқару жүйесі өзінің жарамдылығын, сәйкестігін және нәтижелілігін көрсетті. Бұл факт сондай-ақ Компанияның басқару жүйесінің ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық менеджмент стандарттарының талаптарына сәйкестігіне жүргізілген сыртқы аудитпен расталды.

Басқару жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті тиісті ресурстарды бөлу бойынша қызмет жүзеге асырылды, сондай-ақ Компания қызметін жетілдіру және жақсарту мүмкіндіктері бойынша ақпарат талданды.

2025 жылы Компания бірқатар ірі іс-шараларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- Алматы ГТС-2 логистикалық кешенін салу;
- Астана қаласында логистикалық кешен салу;
- Алят портында интермодальдық терминал салу;
- Алтынкөл станциясындағы контейнер алаңын жаңғырту;
- Достық станциясындағы №7 ауыстырып тиеу орнын реконструкциялауды аяқтау;
- Қостанай қаласында «Тобыл» көлік-логистикалық кешенін салу;
- Көкшетау қаласындағы терминалды реконструкциялау;
- «Қазбек бек» жобасы бойынша жер учаскесін резервке қою;
- Тыл терминалдар (Ақтөбе) жобаларын кеңейту.

Сонымен қатар, 2025 жылы Компания қызметін жетілдіру және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тиісті ресурстарды бөлу жөніндегі іс-шараларды жалғастырады:

- Ірі тоннажды контейнерлерді сатып алу
- Трейдинг қызметі бойынша жұмыстарды бастау
- Жүк автокөліктері мен жартылай тіркемелерді (ЖШС «ТХК») сатып алу
- IT-жүйелерді интеграциялау
- Компания филиалдарында TOS сервистерін енгізу және БҚО-мен интеграциялау





Компанияның тарифтік саясаты

GRI 2-6

Компанияға меншік құқығы немесе өзге де негіздер бойынша тиесілі фитингтік платформаларды пайдалануға беру бойынша жұмыс жүргізу және жөнелту тарифін есептеу әдістемесі Компания Басқармасымен бекітіледі және келесі қызмет түрлерін қамтиды:



Жөнелту



Контейнерлерді тасымалдауға арналған фитингтік платформаларды ұсыну

Экспедирлеу қызметтерін көрсету кезінде тасымалдау тарифін қалыптастыру әдістемесі

Қажетті қызметтердің көлемін айқындау үшін тасымалдау параметрлерін (жылжымалы құрам түрі, жүк түрі, маршрут, салмақ және т.б.) анықтау қажет.

ҚТЖ бойынша тариф және қосымша алымдар (ауыстырып тиеу, терминалдық шығындар) ҚТЖ бойынша (импорт, экспорт, транзит) шарттарға сәйкес есептеледі (ҚТЖ тарифтік нұсқаулығы, тарифтік басшылықтар, БТТ, ХТТТ немесе өзге де құжаттар).

Үшінші тараптағы бірлесіп орындаушылардың қызметтері (вагондар мен контейнерлерді ұсыну, терминалдық қызметтер, өзге аумақтар бойынша тарифтер, теңіз фрахты, кеден-брокерлік қызметтер) қызмет жеткізушіден сұрату арқылы алынады немесе жарияланған шарттар не қол қойылған шарттар мен келісімдер болған жағдайда өздігінен есептеледі.

Барлық ілеспе қызметтерді жиынтықтағаннан кейін экспедитордың сыйақы мөлшері айқындалады.

Фитингтік платформаларды ұсыну тарифін қалыптастыру әдістемесі

Вагондарды ұсыну мөлшерлемелері екі жиырма футтық баламадағы контейнерлерді тиеу есебімен бір шартты вагонға есептеледі.

Вагонды ұсыну мөлшерлемелері клиентке контейнер үшін келесідей тәртіппен қойылады:

- 1) бір қырық футтық контейнер үшін – контейнер орнын ұсыну мөлшерлемесі көлемінде;
- 2) екі жиырма футтық контейнер үшін – қырық футтық контейнерді ұсыну мөлшерлемесі көлемінде;
- 3) бір жиырма футтық контейнер үшін – бір қырық футтық контейнердің жартысын ұсыну мөлшерлемесі көлемінде.

Компания вагондарын ұсынудың тәуліктік мөлшерлемесін айқындау келесі құндық көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады: вагондарды ұстау құны, вагондарды тарту құны, вагондарға ағымдағы ажыратпалы жөндеу жүргізу шығындары, сондай-ақ жүктерді тиеуге вагондарды дайындаумен байланысты шығындар.

Қызметті бірлесіп орындаушылардың құны өзгерген жағдайда тарифтер ауыстырып қаралады.

Компания тарифтерін қолдану жөніндегі нұсқаулық Компания Басқармасымен бекітіледі және келесі қызмет түрлерін қамтиды:



Жүк аулаларында (терминалдарда) жүктерді терминалдық өңдеу

Терминалдық қызмет бойынша тарифті қалыптастыру әдістемесі

Терминалдық қызмет – бұл жүктер мен контейнерлерді тиеу және түсірумен, сондай-ақ Компанияның жүк терминалдары аумағында вагондарды/жүктерді/контейнерлерді қабылдау және жөнелтудің барлық ілеспе қызметтерімен байланысты қызмет түрі.

Компанияның өнімдері, жұмыстары мен қызметтеріне арналған экономикалық тұрғыдан негізделген тарифтер тиісті қызмет түрлері бойынша шығындардың өтелуін және Компанияның инвестициялық пен өзге де қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында шығындық әдіс арқылы есептік жолмен айқындалады.

Қызмет тарифі калькуляцияны жасау арқылы айқындалады, онда толық және тікелей өзіндік құн, сондай-ақ рентабельдік ескеріледі (рентабельдік деңгейі ұқсас қызметтерді көрсететін бәсекелес компанияларға жүргізілген талдау нәтижелері бойынша айқындалады).

Қызметті бірлесіп орындаушылардың құны өзгерген жағдайда тарифтер ауыстырып қаралады.

ХТТТ және БТТ тарифтері ТЖЫҰ Комитетімен бекітіледі және келесі қызмет түрлерін қамтиды:



Достық және Алтынкөл станцияларында жүктерді ауыстырып тиеу

Контейнерлерді ауыстырып тиеу тарифін қалыптастыру әдістемесі

Жүктерді ауыстырып тиеу тарифтері жүк түрлері мен олардың қаптамасына байланысты сараланады (көлемді, қапталған-даналап буып-түйілген, 1000 орнынан асатын қапталған-даналап буып-түйілген, бума түріндегі жүктер). Жүктерді ауыстырып тиеу тарифінің мөлшері 100 кг жүкке, ал контейнерді ауыстырып тиеу тарифінің мөлшері 1 контейнер бірлігіне есептеледі.

Экспедирлеу қызметтерін көрсету кезінде Компания теміржол тарифі мөлшерінен (валюталық айырмашылық тәуекелдерін ескере отырып) және нарықтағы қызмет құнынан комиссиялық сыйақы алады.

Қарыз жүктемесі

2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Компанияның «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен қаржы институттары алдында берешегі жоқ.



Қазақстандағы көлік түрлері бойынша ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

Құбыр арқылы
тасымалдау

149 054,88

35 729,93

Автомобиль
және қалалық
электр көлігі

327 943,61

Теміржол көлігі

Жүк тасымалдау нарығына шолу

2024 жылы республика көлігімен 1 078,8 млн тонна жүк тасымалданды, бұл 2023 жылғы деңгейден 10%-ға артық.

Осы кезеңдегі жүк айналымы 514,5 млрд т-км құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 2,6%-ға артты.

4 – Кесте. Қазақстандағы көлік түрлері бойынша жүк айналымы¹

Атауы	Жүк айналымы, млн т-км	
	2024 жыл үшін	2023 жылдың тиісті кезеңіне пайызбен
Барлығы*	514 455,47	102,6
соның ішінде:		
Теміржол көлігі	327 943,61	100,3
Автомобиль және қалалық электр көлігі*	35 729,93	119,7
Жүк автомобиль көлігі*	35 729,93	119,7
Құбыр арқылы тасымалдау	149 054,88	103,7
Теңіз және жағалау көлігі	1 581,35	184,1
Ішкі су көлігі	80,00	134,4
Әуе көлігі	65,70	122,5

¹ <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-transport/publications/280667/>



Бәсекелестік ортаны талдау

Маркетинг тұжырымдамасына сәйкес, компаниялар бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуді мақсатты клиенттердің қажеттіліктерін бәсекелестердің ұсыныстарымен салыстырғанда неғұрлым жоғары дәрежеде қанағаттандыратын ұсыныстарды әзірлеу арқылы жүзеге асырады.

Компаниялар тұтынушыларға неғұрлым жоғары тұтынушылық құндылықты бәсекелестермен

салыстырғанда төмен бағада ұқсас қызметтер ұсыну немесе жоғары бағаны ақтайтын қосымша артықшылықтар беру арқылы қамтамасыз ете алады.

Осылайша, маркетингтік стратегиялар нарықтың қажеттіліктерін ғана емес, сонымен қатар бәсекелестердің стратегиялары мен көрсеткіштерін де ескеруі тиіс.

1. Ауыстырып тиеу қызметі бойынша:



Достық станциясы:

Достық станциясында вагондарды ауыстырып тиеу бойынша үш бәсекелес бар. 2024 жылғы жағдай бойынша вагондарды ауыстырып тиеу нарығындағы үлестер келесідей бөлінді: Компания – 34%, «Dostyk Cargo Service» ЖШС – 25%, «Tengri Dostyk» ЖШС – 35% және «EuroTransGroup» ЖШС – 6%.

Достық станциясында контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша төрт бәсекелес бар. 2024 жылғы жағдай бойынша контейнерлерді ауыстырып тиеу нарығында Компанияның үлесі – 19%, «Dostyk Cargo Service» ЖШС – 12%, «DostykTransTerminal» ЖШС – 38%, «EuroTransGroup» ЖШС – 14% және «Eurotransit-KTS» ЖШС – 17%.



Алтынкөл станциясы:

Алтынкөл станциясында вагондарды ауыстырып тиеу бойынша екі бәсекелес бар: «KTZE-Khorgos Gateway» ЖШС және «Eurotransit» ЖШС. 2024 жылдың қорытындысы бойынша вагондарды ауыстырып тиеу нарығындағы үлестер келесідей бөлінді: Компания – 53%, «KTZE-Khorgos Gateway» ЖШС – 32%, «Eurotransit-KTS» ЖШС – 15%.

Алтынкөл станциясындағы контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша Компанияның нарықтағы үлесі мардымсыз. 2024 жылғы жағдай бойынша нарықтағы үлестер келесідей бөлінді: Компания – 7%, «KTZE-Khorgos Gateway» ЖШС – 60%, «Eurotransit» ЖШС – 33%.

2. Терминалдық қызмет бойынша:

Вагондардағы жүктерді терминалдық өңдеу нарығында бәсекелестік деңгейі айтарлықтай жоғары, себебі вагондарды ауыстырып өңдеуге арналған терминал салу үшін ірі инвестициялық шығындар талап етілмейді (өзінің кірме жолының болуы жеткілікті). Осыған байланысты аталған қызмет түрімен айналысатын көптеген

терминалдық компаниялар нарықта қызмет көрсетеді.

Контейнерлерді терминалдық өңдеу бойынша бәсекелестер станцияларға іргелес орналасқан ірі көлік-логистикалық орталықтар (КЛО), жүк алаңдары және ірі кәсіпорындарға тиесілі терминалдар болып табылады.

Сондай-ақ бәсекелестер қатарына қойма қызметтерін немесе сақтау қызметтерін ұсынатын терминалдар да жатады. Аймақтар бойынша негізгі ірі бәсекелестердің тізімі төменде келтірілген:



Астана қ.

«Astana Cargo Terminal» ЖШС, «Continental Logistics» ЖШС (Сороковая станциясына іргелес), «USKO International», «DAMU Contract Logistics-Астана» логистикалық орталығы;



Көкшетау қ.

«Асыл Арман» ЖШС, «Агрокомплектмонтаж» ЖШС, ТЛК «Евразия» ЖШС;



Өскемен қ.

«Алита» ЖШС (қызметтердің толық спектрі), «ОЖДХ» ЖШС (жылы қоймалар), «Немере» ЖШС (станцияға ең жақын учаске), «Эсма XXI» ЖШС. Айта кету керек, «Kaz-z Rail Logistics» ЖШС өз қажеттіліктері үшін терминал сатып алған және Компанияның терминалдық желісі бойынша ең ірі клиент – «Казцинк» ЖШС-нің экспедиторы болып табылады;



Семей қ.

«Шпалзавод» ЖШС, «Онал» ЖШС;



Ақтөбе қ.

«Астык Логистик» ЖШС (үш терминалдан тұратын КЛО, кедендік қоймасы бар);



Атырау қ.

«АМГБ» ЖШС, «Гурьевснаб» ЖШС, «Бертас» ЖШС;



Қарағанды қ.

«Global City» көтерме-тарату логистикалық орталығы (қоймалардың температуралық режимдері бар, Майқұдық станциясына кірме жолдары бар). Майқұдық, Қарағанөзек, Жаңа-Қарағанды, Қарағанды-Сұрыптау станцияларында көптеген өзге де бәсекелестер бар;



Павлодар қ.

«Лесстройтор» ЖШС, «ТемиртрансПВ» ЖШС, «Алмила» ЖШС, «Хаги-Павлодар» ЖШС, «Сови KZ» ЖШС;



Шымкент қ.

«Continental Logistics» ЖШС (КЛО), «Эристайл KZ» ЖШС, «Идеалстройинвест» ЖШС, «Фотон» ЖШС, «Каменная Эра» ЖШС, «Мансуров» ЖК, «ТДМ» ЖШС;



Орал қ.

«КФУ» ЖШС, «МКТС» ЖШС, «Дилта» ЖШС;



Қостанай қ.

«Акцепт Терминал» ЖШС (кедендік қоймасы бар), «ТЭК Нуртранссервис» ЖШС, «Распредбаза» ЖШС;



Алматы қ.

«ALG COMPANY» АҚ, «ILC» ЖШС (DAMU logistics), «ATASU LOGISTICS» ЖШС.



Өндірістік нәтижелер

Достық және Алтынкөл станцияларындағы вагондар мен контейнерлерді ауыстырып тиеу қызметінің нәтижелері

Достық станциясындағы бәсекелес терминалдардың дамуы және №4 ауыстырып тиеу орнының реконструкциясы контейнерлерді ауыстырып тиеу көлемдерінің 2023 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 9%-ға төмендеуіне әсер етті. №4 ауыстырып тиеу орнының реконструкциясы маневрлік жұмыстарды оңтайландыруға және Компанияның Достық станциясындағы контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша өндірістік көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді (реконструкциядан кейін тәуліктік қуаттылығы 500 контейнерден 750 контейнерге дейін ұлғаяды). Компания 2024 жылы контейнерлерді ауыстырып тиеу өндірісін тұрақты қамтамасыз ету мақсатында екі бірлік ірі тоннажды тиегіш сатып алды.

Вагондарды ауыстырып тиеу көлемдері 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1%-ға орындалмады. Бұл төмендеу Қытай Халық Республикасынан әмбебап парк арқылы келетін импорттық және транзиттік жүктердің 25%-ға азаюымен байланысты. Сонымен қатар жүктердің контейнерлену үрдісі байқалуда, ал ҚХР-дан келетін контейнерлер саны 2023 жылмен салыстырғанда 16%-ға артты.

Жүк құрылымындағы үлес салмағы контейнерлердегі жүктер бойынша – 12%, ал вагондардағы жүктер бойынша – 44% құрады. Достық және Алтынкөл станцияларындағы өндірістік көрсеткіштер төменде келтірілген.



Достық станциясы:

2024 жылы Компанияның вагондарды ауыстырып тиеу бойынша нарықтағы үлесі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа өсіп (2023 жылғы үлесі – 33%), 34% құрады. Нарықтың жалпы көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 4%-ға азайып, 821 мың тонна болды (2023 жылы – 885 мың тонна).

2024 жылы Компанияның контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша нарықтағы үлесі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 11 пайыздық тармаққа төмендеп (2023 жылғы үлесі – 30%), 19% құрады. Нарықтың жалпы көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсіп, 482 мың ЖФЭ болды (2023 жылы – 408 мың ЖФЭ).




Алтынкөл станциясы:


2024 жылы Компанияның вагондарды ауыстырып тиеу бойынша нарықтағы үлесі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5 пайыздық тармаққа төмендеп (2023 жылғы үлесі – 58%), 53% құрады. Нарықтың жалпы көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 8%-ға өсіп, 846 мың тонна болды (2023 жылы – 786 мың тонна).

2024 жылы Компанияның контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша нарықтағы үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 3 пайыздық тармаққа өсіп (2023 жылғы үлесі – 4%), 7% құрады. Нарықтың жалпы көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 8%-ға артып, 600 мың ЖФЭ болды (2023 жылы – 554 мың ЖФЭ).

3-диаграмма – Достық және Алтынкөл станцияларындағы вагондарды ауыстырып тиеу, мың тонна



4-диаграмма – Достық және Алтынкөл станцияларындағы контейнерлерді ауыстырып тиеу, мың ЖФЭ



Вагондар мен контейнерлерді терминалдық өңдеу қызметінің нәтижелері


2024 жылдың қорытындысы бойынша контейнерлерді терминалдық өңдеу нарығы 352 мың ЖФЭ құрады. Компанияның контейнерлерді терминалдық өңдеу көлемі 85 мың ЖФЭ (үлесі – 24%) болды, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 40%-ға жоғары (2023 жылы – 61 мың ЖФЭ).

Вагондарды терминалдық өңдеу нарығы 36 996

мың тонна болды. Компанияның вагондарды терминалдық өңдеу көлемі 1 041 мың тонна (үлесі – 2,8%) құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3%-ға төмен (2023 жылы – 1 077 мың тонна).


Төмендегі диаграммаларда вагондар мен контейнерлерді өңдеу көлемдері көрсетілген.

5-диаграмма – Вагондарды терминалдық өңдеу, мың тонна





6-диаграмма – Контейнерлерді терминалдық өңдеу, мың ЖФЭ



Көлемдердің төмендеу себептері:

- жүктерді жеткізудің «есіктен есікке дейін» қағидаты, теміржол жылжымалы құрамының тапшылығы, жеткізудің жеделдігі және тасымалдау құнының төмендігіне байланысты қапталған және даналап буып-түйілген жүктердің автокөлік қызметтеріне ауыстырып бағытталуы;
- транзиттік пойыздардың тораптардағы жүктемесіне байланысты жүктерді тиеу және тасымалдауға жүйелі түрде қойылатын конвенциялық тыйымдар;
- конвенциялық тыйымдардың жүйелі қойылуы салдарынан үлкен ашық алаңдарда ұзақ уақыт бос тұратын жүктер мен бос контейнерлердің жиналуы;
- азаматтық құрылыс нарығының өсу қарқынының баяулауы.

Филиалдар жүзеге асыратын жұмыс:


- ірі жүк алушылар мен жүк жөнелтушілерге ынтымақтастыққа шақыру ретінде хаттар (коммерциялық ұсыныстар) жіберу;
- әлеуетті клиенттерді тарту және кеңес беру, сондай-ақ жүк терминалдық өңдеу қызметтерін көрсету үшін келіссөздер жүргізу арқылы клиенттік базаны кеңейту;
- маусымдық жүктерді өңдеу бойынша тұрақты клиенттерді ұстап қалу мақсатында тиеу-түсіру жұмыстарын жедел және уақтылы орындау арқылы терминалдық қызметтерді сатудың көлемін арттыру.

Компания 6 терминалда УСҚ қызметін жүзеге асырады, 2024 жылдың қорытындысы бойынша УСҚ қызметінен түскен табыстылық 6 821 мың теңгені құрады.

5 – Кесте.


Терминал	Контейнер-тәулік	Вагон-тәулік	Табыс, мың теңге
Астана	27	1	84
Алматы	1 296	0	4 079
Өскемен	1	0	137
Ақтөбе	42	16	263
Орал	69	34	636
Шымкент	83	0	706
Барлығы	1 518	51	6 821

2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша жалға беруге жарамды қойма үй-жайларының жалпы ауданы 36 352 м² құрады, оның ішінде 27 591 м² жалға берілген. Жалпы жүктелу деңгейі 76% болды.



Алматы қаласындағы терминалда (ГТС-2) қойма үй-жайларының жүктелу деңгейі 0%, себебі терминалдың реконструкциясы жүргізілуде.

2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша жалға беруге жарамды ашық алаңдардың жалпы ауданы 163 381 м², оның ішінде 99 127 м² жалға берілген. Жалпы жүктелу деңгейі – 61%.





Көкшетау және Семей қалаларындағы терминалдарда ашық алаңдардың жүктелу деңгейі төмен болғандықтан, олардың пайдалану тиімділігін арттыру шараларының бірі ретінде қатты жабын төсеу (асфальттау, бетондау) және оларды белгіленген талаптарға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету бойынша

2024 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету нарығындағы үлесі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7 пайыздық тармаққа өсіп (2023

жылғы үлесі – 16%), 23% құрады. Жөнелту көлемі 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 49%-ға немесе 157 мың ЖФЭ-ге артып, 478 мың ЖФЭ болды.

Негізгі құралдар

Компанияның 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша негізгі құралдарының құрамы төмендегі кестеде көрсетілген.

Негізгі құралдар объектілері тобының атауы	Баланстық (қалдық) құны, мың теңге	Негізгі құралдар құрамындағы үлес салмағы, %
Жер	392 190	2,57
Ғимараттар	4 079 768	26,80
Ғимараттық құрылыстар	5 374 401	35,31
Беріліс құрылғылары	83 145	0,54
Машиналар мен жабдықтар	2 809 510	18,46
Көлік құралдары, оның ішінде:		
– Теміржол көлігі	37 462	0,25
– Басқа көлік түрлері	567 186	3,73
Басқа негізгі құралдар	39 881	0,26
Аяқталмаған құрылыс	1 838 410	12,08
БАРЛЫҒЫ:	15 221 953	100%

Қаржылық көрсеткіштер

2024 жылдың қорытындысы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 32 669 799 мың теңгені құрап, 2023 жылғы нақты деңгеймен салыстырғанда 29%-ға төмендеді. Төмендеудің негізгі факторы – жалға алынған вагондар санының айтарлықтай қысқаруы: жоспарланған 2 000 вагонның

орнына нақты 421 вагон ғана жалға алынған. Қосымша әсер еткен фактор – №4 ауыстырып тиеу орнының реконструкциясының жүргізілуі (қабылдау фронтының ұзындығы 20 шартты вагоннан 57 шартты вагонға дейін ұлғайған).

7-диаграмма – Негізгі қызметтен түскен табыс, мың теңге



2024 жылдың қорытындысы бойынша жүк тасымалдаудан түскен табыс 2023 жылғы нақты көрсеткішпен салыстырғанда 35%-ға төмендеді. Негізгі төмендеу себебі – оперирлеу бағыты бойынша көлемдердің қысқаруы. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда көлемдер 81%-ға (182 мың ЖФЭ-ге) азайды, бұл нарық

үлесінің 9%-ға төмендеуіне тең. Егер 2023 жылы Компанияның нарықтағы үлесі 11% (225 мың ЖФЭ) болса, 2024 жылы ол небәрі 2% болды. Мұндай күрт төмендеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының логистикалық бизнесін ауыстырып ұйымдастырумен түсіндіріледі, оның аясында вагондар паркі «KTZ Express» АҚ-қа берілді.


8-диаграмма – Жүк тасымалдаудан түскен табыс, мың теңге



2024 жылы EBITDA көрсеткіші 11 074 435 мың теңгені құрап, 2023 жылғы нақты мәннен 30%-ға төмен болды. Бұл төмендеу табыстың 29%-ға

азайуымен, сондай-ақ логистикалық бизнесті ауыстырып ұйымдастыру және активтердің «KTZ Express» АҚ-қа берілуімен байланысты.

9-диаграмма – EBITDA, мың теңге




2024 жылы Компанияның операциялық пайдасы 9 882 993 мың теңгені құрап, 2023 жылғы нақты деңгеймен салыстырғанда 26%-ға төмендеді. Жалғыз акционер - «ҚТЖ» ҰК» АҚ үлесіне тиесілі таза пайда 2024 жылы 9 534 658 мың теңге болды,

бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 815 790 мың теңгеге аз. Төмендеу негізінен жалақының өсуі, инфляция индексінің, АЕК пен ең төменгі жалақының және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруімен байланысты.



10-диаграмма – Операциялық пайда, мың теңге



MD&A талдауы. Аналитикалық НҚК

2024 жылғы қызмет нәтижелері бойынша Компанияның нақты таза пайдасы 9 535 млн теңгені құрады, бұл жоспардан 92%-ға (4 557 млн теңгеге) жоғары, алайда 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 8%-ға (816 млн теңгеге) төмен.

Көрсеткіштердің жоспармен салыстырғандағы нәтижелері келесідей:

- Түсім бойынша – 22%-ға төмен немесе 9 239 млн теңгеге;
- Шығындар бойынша – 45%-ға төмен немесе 12 678 млн теңгеге;
- Жалпы және әкімшілік шығындар бойынша –

5%-ға өскен немесе 342 млн теңгеге;

- EBITDA бойынша – 38%-ға өскен немесе 3 068 млн теңгеге.

Экспедирлеу қызметі бойынша операциялық пайда 12 173 млн теңгені құрап, жоспардан 277%-ға (8 946 млн теңгеге) жоғары болды, бұл контейнерлік тасымалдаулар көлемінің 162%-ға артуымен түсіндіріледі.

Активтер құрылымы

Компания Қазақстан Республикасындағы жетекші логистикалық терминалдар операторы болып табылады және ел аумағында 11 филиал мен 17 өңірлік терминалға ие. Қойма үй-жайларының жиынтық ауданы 51,7 мың м², ашық алаңдар – шамамен 2,5 млн м², ал жол шаруашылығының

ұзындығы 78 км құрайды. Сонымен қатар, Компания Қытай Халық Республикасынан әкелінетін жүктерді Достық және Алтынкөл шекара станцияларында, сондай-ақ ҚХР аумағындағы 1 сыртқы терминалда ауыстырып тиеу қызметтерін жүзеге асырады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания активтері бағаланады, мың теңге:



76 651 788

Еншілес және тәуелді ұйымдар туралы ақпарат

GRI 2-2

«Қазақстан көлік холдингі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ҚКХ) өз қызметін 2005 жылғы 28 қаңтардан бастап жүзеге асырады. ҚКХ-ның құрылтайшысы Компания болып табылады және оның жарғылық капиталындағы үлесі 100%.

ҚКХ келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдарды, жылжымалы құрамды қоюға арналған орындарды, маневрлік жұмыстарды, тиеу-түсіру және тасымалдау процесінің өзге де технологиялық операцияларын ұсыну бойынша қызметтер көрсету;
- уақытша сақтау қоймасының қызметтері;
- автокөлікпен жүк тасымалдау қызметтері.

Кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметтер көрсету

ҚКХ Қазақстан Республикасының 8 қаласында ұзындығы 13,9 км кірме жолдарды ұсыну қызметтерін жүзеге асырады. 2011 жылғы 28 желтоқсанда ҚКХ кірме жолдарды ұсыну қызметі бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Автокөлікпен жүк тасымалдау қызметтерін көрсету

Ішкі нарықта автокөлікпен жүк тасымалдауды дамыту, жүктерді жеткізу уақытын қысқарту және тасымалдау шығындарын азайту мақсатында ҚКХ келесі жұмыстарды жүргізеді:

- маркетингтік талдау нәтижелерін ескере отырып, клиенттік базаны кеңейту арқылы сату көлемін арттыру;
- негізгі клиенттердің жүктерін өңдеу және сақтау көлемін ұлғайту;
- жүктерді орталықтандырылған іздеу/таңдау логистикалық жүйелеріне интеграциялау;
- жергілікті автотасымалдаушылардың қатысуын қамтамасыз ету.

Уақытша сақтау қоймасының қызметтерін көрсету

ҚКХ келесі қалаларда уақытша сақтау қоймаларының қызметтерін көрсетеді: Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен, Орал.

Қойма үй-жайларының жалпы ауданы, мың м² - шамамен



25

Уақытша сақтау қоймалары көрсететін қызметтер:

- қойма кеңістігін жалға беру;
- тиеу-түсіру жұмыстары;
- жүктерді бақылау аймағында сақтау;
- жүктерді өлшеу;
- кедендік тексеру, қарау және өзге де бақылау шараларын жүргізуге қатысу;
- жүктерді орналастыруға арналған қойма құжаттамасын дайындау және ресімдеу.



Инвестициялық қызмет

Компания өз инвестициялық саясатын экономикалық тиімділік пен мақсаттылық қағидаттарын ескере отырып жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Инвестициялық саясат саласындағы шешімдер негізінен орта мерзімді даму бағыттарын айқындауға, сондай-ақ жыл сайынғы инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыруға бағыттатын болады.

2024 жылы Компанияның инвестиция көлемі 2 241 млн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 59%-ға жоғары. Оның ішінде сатып алынғандары:

- Қарағанды, Ақтөбе, Шымкент және Достық филиалдарына 4 бірлік аз тоннажды тиегіш;
- Алматы, Астана және Көкшетау филиалдарына 3 бірлік модульдік ғимарат;
- Достық және Алтынкөл филиалдарына 2 бірлік ірі тоннажды тиегіш (ричстакер);
- Достық филиалына 1 бірлік автокран (55 тонна).

Капиталдық жөндеу жұмыстары аясында жөнделген нысандар:


- Алматы филиалында 5 бірлік бағыттамалық бұрма;
- Шымкент филиалында №8 кірме жол;
- ШҚО, Көкшетау, Алтынкөл, Алматы және Ақтөбе (2 бірлік) филиалдарында 6 бірлік көпірлі тіреуіш кран;
- ШҚО филиалында 1 бірлік автокран;
- Астана қаласындағы әкімшілік ғимарат.



Компанияның 2024 жылғы инвестиция көлемі, млн теңге

2 241

11-диаграмма – Инвестициялар құрылымы



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Бірінші стратегиялық мақсат аясында келесі стратегиялық бастама іске асырылады: «Операциялық тиімділікті арттыру».

Компания МЖҚП-де және Қазақстандағы терминалдарда инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізеді.

МЖҚП-де тиімділікті арттыруға бағытталған іс-шаралар:

- «ҚТЖ-ГП» ЖШС-мен, сондай-ақ Қытай Халық Республикасының және үшінші елдердің жүк жөнелтушілерімен Компания терминалдарына ауыстырып тиеуге вагондарды беру бойынша өзара жұмысты күшейту;
- №3, №5 және №7 ауыстырып тиеу орындарын реконструкциялау;
- Достық станциясындағы №4 ауыстырып тиеу орнын реконструкциялау;
- Алтынкөл станциясындағы жүк ауласын реконструкциялау;
- негізгі құралдарды сатып алу;
- ұзақ мерзімді жалдау шарттарын жасасу және/немесе бірлескен кәсіпорын құру арқылы стратегиялық серіктестерді тарту жөнінде мақсатты жұмыс жүргізу;
- «ҚКХ» ЖШС базасындағы ауыстырып тиеу терминалдарында уақытша сақтау қоймаларын (УСК) кеңейту;
- ауыстырып тиеу нарығындағы жағдай өзгерістерін жедел қадағалау үшін тұрақты мониторинг жүргізу, соның ішінде нарық үлесін бақылау.

Қазақстандағы терминалдар инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар:

- Инвесторларды тарта отырып терминалдарды дамыту бойынша бірлескен жобаларды іске асыру:
 - Алматы қ. (Алматы-2);
 - Астана қ.;

- Қостанай қ.;
- Көкшетау қ..

- «Өз жүктері – өз терминалдарына» қағидаты бойынша Орал және Ақтөбе қалаларында жүк аулаларын реконструкциялау арқылы «тыл» терминалдардағы ауыстырып тиеуді дамыту;
 - Компания арқылы трейдингтік қызметті дамыту мәселесін зерделеу;
 - Қойма инфрақұрылымы мен логистиканы дамыту бойынша шаралар қабылдау;
 - Компания терминалдарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қойма қорлары мен жүктерін, қазіргі уақытта үшінші тұлғалардың ақылы негізде өңдеу және сақтау қызметтерін көрсетіп отырған ұйымдардан көшіру арқылы орналастыру;
 - Құрғақ порттар КЛО жобалары бойынша (Қазбек бек, Астана) терминалдық учаскелерді жоспарлау және резервтеу;
 - Компания филиалдық желісін ауыстырып құрылымдау;
 - Компания терминалдарында TOS жүйесін кезең-кезеңімен енгізу;
 - ҚКХ базасында терминалдардағы уақытша сақтау қоймаларының (УСК) өңірлік желісін кеңейту;
 - ҚКХ базасында автокөлік қызметін дамыту;
 - Аймақтардағы басымдық, экономикалық тиімділік және стратегиялық қатысу қағидаттарын ескере отырып инвестициялар тарту.

ҚКХ инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар:

- импорттық жүктердің шетелдік автотасымал-



даушыларымен ынтымақтастық орнату, олардың кері бағыттағы тиеуін және Компанияның өңірлік терминалдарында сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

- облысаралық жүк тасымалдауларында жергілікті автотасымалдаушылармен өзара іс-қимылды жолға қою («жүк базасына қолжетімділік – уақтылы жеткізу кепілдігі» қағидаты бойынша).

Екінші стратегиялық мақсат аясында «Трансқазақстандық көлік дәліздерінің тартымдылығын арттыру» және «Қазақстан Республикасынан тыс іс-шараларды іске асыру» сияқты стратегиялық бастамаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Трансқазақстандық көлік дәліздерінің тартымдылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар:

- жаңа контейнерлік сервистерді одан әрі дамыту;
- жаңа логистикалық бағыттарды (астық, автотөлік қосалқы бөлшектері, тұтыну тауарлары және т.б.) дамыту;
- Қытай Халық Республикасына (Сиань қ.) және кері бағытта контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру;
- экспорттаушы-өндірушілерге жаңа өткізу нарықтарына шығу үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы үшін кешенді қызметтерді дамыту және транзиттік тасымалдаулардың дамуына ықпал ету.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде іс-шараларды іске асыру халықаралық терминалдық желіні дамыту арқылы жүзеге асырылмақ²:

- Сиань қаласындағы терминалдық қуаттарды дамыту³.
2024 жылдың қорытындысы бойынша «Қытай-қазақ сауда-логистикалық компаниясы» бірлескен кәсіпорны аясында аталған терминал арқылы 276 000 тоннадан астам транзиттік жүк өткізілді, шамамен 23 мың ЖФЭ өңделіп және жөнелтілді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ-пен бірлесіп Әзірбайжанның Алят, Болгарияның Бургас теңіз порттарында, сондай-ақ кейіннен Грузия мен Түркия аумағында терминалдық қуаттарды құру мәселесін пысықтау, сонымен қатар Қазақстан мен Қытайдағы (Цзиньхуа, Иу, Үрімжі) бірлескен жобаларды дамыту.

Осы бағыт бойынша Әзірбайжан, Румыния, Грузия және Түркия порттарында терминалдық қызметті дамытудың ықтимал нұсқаларына талдау жүргізіледі. Экономикалық мақсаттылық болған жағдайда одан әрі ынтымақтастықты дамыту жоспарлануда. Шетелдегі терминалдық қуаттарға қатысу «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қатысуымен трансконтиненттік бағыттарда бірыңғай логистикалық тізбектерді қалыптастыруға, сондай-ақ экспорттық, импорттық және транзиттік тасымалдауларды дамытуға мүмкіндік береді.

² Компанияның ПКВ-да 2025-2029 жылдарға арналған халықаралық терминалдық желіні дамыту көзделмеген.

³ 2024 жылғы 28 Ақпанда телекөпір форматында ҚР Мемлекет басшысы терминал жұмысының басталуына старт берді.

Үшінші стратегиялық мақсат аясында келесі стратегиялық бастаманы іске асыру жоспарлануда: «Клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру».

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру арқылы клиенттердің қанағаттанушылығын жоғарылату – Компанияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. 2025–2029 жылдары клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін 89%-дан жоғары деңгейге жеткізу жоспарлануда.

Негізгі іс-шаралар:

- клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу;
- кері байланыстың сапасын жақсарту тәсілдерін енгізу;
- терминалдық инфрақұрылымды басқару қызметтерін алу рәсімдерін оңайлату.

Төртінші стратегиялық мақсат аясында келесі стратегиялық бастаманы іске асыру жоспарлануда: «Қызметтің тиімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды дамыту және енгізу».

Компания 2029 жылға дейінгі IT-жобаларды іске асырудың функционалдық бағдарламасын әзірлеп, бекітеді.

Бесінші стратегиялық мақсат аясында келесі стратегиялық бастамаларды іске асыру жоспарлануда:

«Экологиялық қауіпсіздікті/тұрақтылықты қамтамасыз ету».

Табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану – корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі және тұрақты дамудың маңызды факторы болып табылады. Компанияның мақсаты – ластаушы заттардың шығарылуын, төгінділер мен қалдықтардың түзілу

көлемін азайту арқылы қоршаған ортаға әсерді барынша азайту.

Компания тиісті жылдарға арналған табиғат қорғау қызметі бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекітеді.

Аталған бастама аясында келесі іс-шараларды іске асыру жоспарлануда:

- су ресурстарын қорғау бойынша;
- жер ресурстарын қорғау бойынша.



«Әлеуметтік тұрақтылықты арттыру және кадрлық әлеуетті дамыту».

Компанияның негізгі міндеттері мен басымдықтарына қол жеткізуге бағытталған тиімді корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және әлеуметтік тұрақтылықты арттыру келесі шаралар есебінен жүзеге асырылады:

- корпоративтік мәдениетті дамыту;
- ашық және айқын іріктеу процесін енгізу;
- жұмыс берушіге деген сенім деңгейін арттыру

HR-қызметі кадрларға деген қажеттілікті уақтылы анықтау, іздеу және іріктеу мақсатында персон

налға тұрақты талдау мен мониторинг жүргізетін болады. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес Компания қызметкерлерін оқыту тұрақты түрде жүргізіледі. 2025–2029 жылдары әлеуметтік тұрақтылық деңгейін 82%-дан жоғары деңгейге жеткізу жоспарлануда.

«Корпоративтік басқаруды жетілдіру».

Компания тиісті жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарларын әзірлеп, бекітеді. Сонымен қатар, Компания ISO 37001 «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесі» халықаралық стандарты бойынша сертифицикаттаудан өтуді жоспарлап отыр.

Алтыншы стратегиялық мақсат аясында келесі стратегиялық бастамаларды іске асыру көзделген:

«Жарақаттанудың нөлдік деңгейіне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру» (аталған бастама тұрақты даму саласындағы мақсаттарды іске асыруға да бағытталған).

Компания тиісті жылдарға арналған қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға

бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекітеді.

Аталған бастама аясында келесі іс-шараларды іске асыру жоспарлануда:

01 көлік оқиғалары мен өзге де жағдайларды есепке алу және тергеп-тексеру тәртібін, сондай-ақ жауапкершілікті бөлу қағидатын жетілдіру;

еңбек жағдайларын жақсарту бойынша;

03

02 жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша;

еңбекті қорғау қауіпсіздігін насихаттау бойынша.

04

2025 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарлар

2025 жылы Компания терминалдар инфрақұрылымын дамытуға және үздіксіз қызметті қамтамасыз етуге, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақ-

сартуға 4 575 млн теңге көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр. Бұл сома 2024 жылы бөлінген инвестициялар көлемінен екі есе жоғары. Оның ішінде:

1 030 млн теңге

Қытай мен Қазақстан арасындағы халықаралық логистикалық тізбектегі Компанияның позициясын жақсартуға бағытталады. Негізгі мақсат – жүктерді жеткізу мерзімдерін қысқарту, логистикалық процестердің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымал көлемдерін ұлғайту және көлік инфрақұрылымын дамыту. Сонымен қатар, қолданыстағы қуаттарды тиімді пайдалану және терминалдардың функционалын кеңейту жоспарлануда. Осы бағдарлама аясында Алтынкөл, Алматы-1, Көкшетау, Ақтөбе, Орал станцияларындағы жүк аулаларын реконструкциялау бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, сондай-ақ №3 және №5 ауыстырып тиеу орындарын реконструкциялау және Достық станциясындағы №4 ауыстырып тиеу орнын реконструкциялауды аяқтау жоспарланған.

3 007 млн теңге

қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыруға, сондай-ақ техника мен жабдықтарды жаңартуға бағытталады. Атап айтқанда, 10 кірме жолға капиталдық жөндеу, 6 бірлік көпірлі тіреуіш кранға (порталды кран), ШҚО филиалындағы 2 бағыттамалық бұрмаға, сондай-ақ Павлодар филиалындағы жылыту және сумен жабдықтау жүйелеріне жөндеу жүргізіледі. Бұдан басқа, Шымкент филиалындағы №1 және №2 қоймалардың шатырларын жөндеу, 5 аз тоннажды тиегіш пен 4 автокран сатып алу көзделген.

538 млн теңге

қызметкерлердің әкімшілік және әлеуметтік-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталады. Бұл аясында 5 мобильді ғимарат сатып алу, жатақхананы капиталдық жөндеу және компьютерлік техниканы жаңарту жоспарланған.



Цифрлық трансформация және цифрландыру бағдарламасы

Цифрлық трансформация

Цифрлық трансформация аясында келесі негізгі міндеттер қойылған:

- теміржол саласындағы үздік тәжірибелерге, инновацияларға және жаңа технологияларға сәйкес бизнес-бөлімшелерді заманауи ақпараттық сервистермен қамтамасыз ету;

- ақпараттық жүйелер мен инфрақұрылымның интеграциялану, стандартталу және біріздендіру деңгейін арттыру, сондай-ақ оларды жаңғырту арқылы тұрақты дамуға бағытталған бизнес-процестердің тиімділігі мен жеделдігін арттыру.

2024 жылғы негізгі нәтижелер

Жоғарыда көрсетілген міндеттерге сәйкес «Терминалдар қызметінің тиімділігін арттыру» жобасын іске асыру басталды.

Аталған жобаның негізгі мақсаттары – коммерциялық функцияның тиімді процесс үлгісін құру, онлайн сервистер арқылы клиенттермен өзара іс-қимылды жетілдіру, сондай-ақ терминалдарды басқарудың технологиялық процесін автоматтандыру болып табылады.

Бүгінгі күні тариф ставкаларын есептеу және коммерциялық ұсыныс беру уақыты 4 сағаттан 1 сағатқа дейін қысқартылды.

Келісімшарттар мен шарттық баға хаттамаларына электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қолдану арқылы қол қою және тапсырысты жеке кабинет арқылы рәсімдеу клиенттер үшін анағұрлым жылдам әрі ыңғайлы сервистерге айналды.

Сонымен қатар, Достық және Алтынкөл филиалдарында

дарында Автоматтандырылған терминал басқару жүйесі (TOS) енгізілді, бұл мүмкіндік берді:

- ауыстырып тиеу процестерін автоматтандыруға;
- персоналдың тиімді жұмысын жоспарлауға;
- ауыстырып тиеу алаңдарындағы тиеу-түсіру уақытының тиімділігін арттыруға;
- көрсетілген қызметтерді автоматты түрде есепке алуға;
- жүк, контейнер және вагон туралы өзекті ақпаратты ұсынуға;
- құжаттарды қашықтан рәсімдеп, жолдауға.

Сонымен қатар, 2024–2028 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту жөніндегі функционалдық бағдарлама әзірленді. Онда Компанияның IT саласындағы ағымдағы жағдайы сипатталып, құрылымдық бөлімшелердің қажеттіліктері мен IT-инфрақұрылымдағы тәуекел аймақтарын талдау негізінде даму жөніндегі ұсыныстар берілген.

Цифрландыру

Компанияда тиімді басқаруды және бизнестің икемділігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық технологияларды басқару мен дамыудың барлық жұмысы Компанияның даму мақсаттары мен міндеттеріне бағындырылатын болады және келесі тәсілдерге негізделеді:

- қолданыстағы процестерді ауыстырып инжинирингтеу – бұл қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, тиімсіз кезеңдерді, сыбайлас жемқор-

лық тәуекелдерін болдырмау мақсатында процестерді ауыстырып қарау және жетілдіру;

- технологиялық жетілдіру;
- ақпараттық жүйелер мен инфрақұрылымның интеграциялану, стандартталу және біріздендіру деңгейін арттыру, сондай-ақ оларды жаңғырту арқылы тұрақты дамуға бағытталған бизнес-процестердің тиімділігі мен жеделдігін арттыру.

2025 жылға арналған жоспарлар

2024–2028 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту бойынша функционалдық бағдарламаны әзірлеу

Бағдарлама Компаниядағы IT-даму бойынша шаралар қабылдауға арналған ұсынымдық қадамдарды қамтиды. Ол құрылымдық бөлімшелердің ағымдағы қажеттіліктерін ғана емес, сонымен

қатар IT-инфрақұрылымдағы тәуекел аймақтарын сипаттайды және оларды жүйелі түрде азайту бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Баспа сервисін енгізу

Бұл жоба ұйымдағы орталықтандырылған баспа жүйесін орнатуға және баптауға бағытталған. Жобаның мақсаты – баспа құрылғыларын тиімді және ыңғайлы басқаруды қамтамасыз ету, материалдар шығынын оңтайландыру және құпия құжаттарды басып шығару қауіпсіздігін арттыру.

Helpdesk жүйесін енгізу

Helpdesk (қолдау қызметі) жүйесін іске қосу – Компания қызметкерлері үшін IT және техникалық мәселелер бойынша бірыңғай байланыс нүктесін құруға бағытталған. Жобаның мақсаты – ішкі пайдаланушыларға көрсетілетін қызмет сапасы мен жылдамдығын арттыру, сұраныстарды өңдеуді орталықтандыру, сондай-ақ инциденттерді шешу және қызмет көрсету сұраныстарын орындау процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Компьютерлік және кеңсе техникасын жаңарту:

Ноутбуктар мен мониторларды сатып алу жобасы Компанияның компьютерлік техника паркін жаңарту мен кеңейтуге бағытталған және қызметкерлердің ағымдағы қажеттіліктері мен технологиялық жабдықтау стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобаның негізгі мақсаты – қызметкерлерді заманауи, жоғары өнімді құрылғылармен қамтамасыз ету, олардың жұмыс тиімділігі мен жайлылығын арттыру, сондай-ақ соңғы бағдарламалық шешімдермен үйлесімділікті және деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



Клиенттердің қанағаттанушылығы


Клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін тұрақты түрде бағалау Компания мен клиенттер арасындағы өзара қатынастардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ клиенттердің қанағаттанушылығын және адалдығын арттыруға бағытталған Компанияның одан арғы даму қадамдары бойынша уақтылы шешімдер

қабылдауға мүмкіндік береді.


Клиенттерге арналған сауалнама Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған анкета түрінде жүргізіледі.

12-диаграмма – 2024 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі


Бизнес сегменттері бойынша респонденттер үлесі




Бизнес сегменттері бойынша қанағаттанушылық деңгейі



Аймақтар бойынша респонденттер үлесі



Аймақтар бойынша қанағаттанушылық деңгейі



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

GRI 403-1, 403-10

Компанияның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы жұмысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жергілікті актілері, сондай-ақ осы саладағы басқа да нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына қатаң сәйкес жүргізіледі. Компания үшін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі – сөзсіз басымдық болып табылады.

Компанияда еңбекті қорғау менеджменті жүйесі (бұдан әрі - ЕҚМЖ) енгізілген, ол қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қалыптастыруға бағытталған өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар, әдістер мен құралдардың кешенін қамтиды.

Компанияның еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатының негізгі басымдықтары мыналар болып табылады:

- еңбек нәтижелерінен гөрі қызметкердің өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- жарақаттардың және персонал денсаулығының нашарлауының алдын алу;
- қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті жүйесін тұрақты жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;
- заманауи жабдықтар мен ұжымдық және жеке қорғану құралдарын қолдану есебінен қауіпсіздік деңгейін үздіксіз арттыру.

Аталған саясаттың басымдықтарын іске асыру мақсатында Компания:

- бар тәуекелдерді анықтау және олардың алдын алу мен жою бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу жөнінде тұрақты жұмыс жүргізеді;
- персоналдың біліктілігін тұрақты түрде арттырады;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін барлық қолданыстағы және жаңа енгізілетін

процестерге енгізеді;

- қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша басшылар мен орындаушылардың жеке жауапкершілігін белгілейді;
- персоналды қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесіне тартуды және ынталандыруды қамтамасыз етеді;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы озық білім мен тәжірибені енгізеді.

ЕҚМЖ-ға сәйкес өндірістік бөлімшелер құрылымдық бөлімшелер мен үшінші тұлғалар үшін қауіптіліктерді бағалау арқылы тәуекелдер тізілімдерін тұрақты түрде әзірлейді. Тәуекелдер тізілімін өзектендіру кезінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде және еншілес ұйымдарында болған оқиғалар ескеріледі.

Өндірістік қауіпсіздікті цифрландыру бойынша жұмыс жалғастырылды, ол «Интеграцияланған Өндірістік Қауіпсіздік Жүйесі» (KTZ HSE) мобильдік қосымшасын пайдалану арқылы іске асырылады. Қазіргі уақытта KTZ HSE мобильдік қосымшасына Компанияның орталық аппараты мен филиалдарының 1385 қызметкері қосылған. Құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдарда орын алған оқиғалар бойынша жарқылхаттар мен ақпараттық бюллетеньдер келіп түскен сайын қызметкерлермен танысу жүргізіледі. Қосымшада Қауіпсіздік жөніндегі Мінез-құлық Диалогтары (ҚМД) және Ішкі бақылау (ІБ) рәсімдерін жүргізу тұрақты түрде жүзеге асырылады. ИС ӨҚ модулінің «Ішкі бақылау (ІБ)» шеңберінде 365 ескерту анықталып, олардың барлығы жойылды. Өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері Қауіпсіздік жөніндегі Мінез-құлық Диалогтарын (ҚМД) өткізуге белсенді қатысып, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына 215 сәйкессіздік анықтады, олардың барлығы филиалдардың жауапты лауазымды тұлғалары тарапынан уақтылы жойылды.



2024 жылы ауыр немесе өліммен аяқталған өндірістік жарақаттар тіркелген жоқ. Сондай-ақ өндірістік қызметпен байланысты ауру жағдайлары да орын алған жоқ.

Қызметкерлер Компания қаражаты есебінен арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2024 жылы өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері жазғы және қысқы арнайы киімнің барлық түрлерімен, аяқ киіммен және жеке қорғану құралдарымен 100% қамтамасыз етілді, ал қоймадағы қорларды ескере отырып, қамтамасыз етілу деңгейі 106% құрады.

2024 жылы зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге 12 506 литр сүт берілді, жалпы құны 5,1 млн теңге.

2024 жылы зиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге төленген өтемақы шығындары 293,18 млн теңгені құрады, оның ішінде:

- қосымша демалысқа шығындар – 108,9 млн теңге;
- тарифтік мөлшерлемеге қосымша төлемдерге шығындар – 184,2 млн теңге.

2024 жылға арналған Компания бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес (оны «ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас инженері бекіткен), жоспарланған 14 іс-шара толық орындалып, олардың жалпы сомасы 86,9 млн теңгені құрады.

2024 жылы Компания филиалдарында өндірістік персонал үшін тұрмыстық үй-жайлармен (душ, киім ілетін бөлме, әжетхана және демалыс бөлмесі) жабдықталған 3 мобильді ғимарат орнатылды: Атырау филиалында (ҚФ АРФ), Астана филиалында және Көкшетау станциясындағы жүк алаңында. Жобаның жалпы құны 62 млн теңгені құрады.

2024 жылға арналған өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес келесі жұмыстар орындалды:

- жүк көтергіш техниканың 59 бірлігіне ағымдағы жөндеу жүргізілді – жалпы сомасы 405 млн теңге, жоспардағы 466 млн теңгенің 95% орындалды (сатып алу рәсімдерін өткізу кезіндегі үнем есебінен);
- 5 жүк көтергіш кранға күрделі жөндеу жүргізілді, күрделі жөндеу шығындарының жалпы сомасы – 162,3 млн теңге.

Техникалық ауыстырып жарақтандыру мақсатында 2 ірі тоннажды, 4 шағын тоннажды тиегіш және 1 автокран сатып алынды, жалпы құны – 527 млн теңге.

2024 жылға арналған электр жарақаттанудың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес келесі жұмыстар атқарылды:

- электр жабдықтарын сынау – 2,8 млн теңге;
- трансформаторлық қосалқы станцияларды қызмет көрсету – 10,8 млн теңге;
- жеке қорғану құралдары мен аспаптарды сынау – 0,7 млн теңге;
- электртехникалық персонал үшін электр құралдарын сатып алу – 0,7 млн теңге.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ

GRI 2-15, GRI 2-23, GRI 2-24

Компания тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тұрақты даму саласындағы саясатын (бұдан әрі – Саясат) басшылыққа алады. Бұл Саясат Компания қызметінде тұрақты даму және ESG қағидаларын жүйелі және үздіксіз енгізуге, Компанияның тұрақты даму саласындағы міндеттемелерін растауға, сондай-ақ Компания қызметінің нәтижелерін ұзақ мерзімді тұрақты жақсартуға бағытталған басқару жүйесін қалыптастыру мақсатында әзірленген.

Саясат Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметін жетілдіру үшін негізгі құжат болып табылады. Саясаттың ережелері Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сақталуға тиіс және клиенттермен, жеткізушілермен және серіктестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.



Компанияның тұрақты дамудағы негізгі идеясы – әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, Компанияның стратегиялық мақсаттарына ұзақ мерзімді кезеңде қол жеткізу болып табылады. Тұрақты даму Компания қызметінің барлық аспектілерін қамтиды: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық, сонымен қатар Компанияның корпоративтік құндылықтарына сәйкес келеді.

Тұрақты даму саласындағы қағидаттар – ашықтық, есеп берушілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу және жеке үлгі көрсету.

ESG тәуекелдерін басқару Компанияның корпоративтік тәуекелдерді басқару және ішкі

бақылау жүйесі аясында жүзеге асырылады. Бұл жүйе корпоративтік басқару, әлеуметтік және экологиялық сипаттағы тәуекелдерді, соның ішінде климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдерді басқаруды қамтиды.

Компанияның стратегиялық көрсеткіштеріне, бастамаларына және оларды орындауға жауапкершілікті Басқарма мүшелері арасында бөлу мақсатында Компанияның Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді. Аталған Іс-шаралар жоспарына тұрақты даму саласындағы көрсеткіштер мен бастамаларға қол жеткізу шаралары да енгізіледі.

ESG қағидаттарын енгізу Компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады және бұл бағыт Компанияның 2032 жылға дейінгі Даму стратегиясында өз көрінісін тапқан.

4 Кесте – Тұрақты дамуды басқару құрылымы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ		
Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады		
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ		
Жоспарлау және қаржы комитеті	Аудит комитеті	Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті
жоспарлау, қаржылық тұрақтылық, инвестициялық стратегия және активтерді басқару мәселелерін қарастырады	Қаржылық есептілік, сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, корпоративтік басқару, ішкі аудит және комплаенс функциялары мәселелерін қарастырады	Кадр саясаты, тағайындаулар, қызмет нәтижелерін бағалау, сыйақы төлеу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару мәселелерін қарастырады
БАСҚАРМА		
Корпоративтік даму және қоғаммен байланыс жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары	Құрылымдық бөлімшелер	Компанияның барлық қызметкерлері
интеграцияланған жылдық есепті дайындауға және тұрақты даму саласындағы көрсеткіштердің орындалуына бақылау жасау	Тұрақты даму саласындағы бастамалар мен іс-шараларды әзірлеу және іске асыру	Тұрақты даму қағидаттары мен іс-шараларын жеке мінез-құлық және тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау арқылы енгізу және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу

Стейкхолдерлер және аспектілер

GRI 2-29

Компания экономикалық және экологиялық салаға әсерінің маңыздылығын толық түсінеді және даму стратегиясын немесе жоспарын тиімді жүзеге асыруға ұмтылады. Компания өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етіп,

мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді тұрақты дамуға қол жеткізеді. Мүдделі тараптармен жауапты, саналы және ұтымды өзара әрекеттесу тәсілі Компанияның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу

GRI 2-29

Мүдделі тараптар немесе стейкхолдерлер (Stakeholders) – бұл Компания қабылдайтын шешімдерге айтарлықтай әсер ететін немесе сол шешімдердің ықпалына ұшырайтын жеке адамдар, топтар немесе ұйымдар (мысалы, Компанияның қызметкерлері, клиенттері, бәсекелестері, серіктестері және басқалар). Стейкхолдерлерді анықтау және олармен өзара әрекеттесу – Компанияның іскерлік беделін нығайтуға және барлық мүдделі тараптармен тиімді әрі теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құрал.

Стейкхолдерлер картасы мен олардың мүдделерінің кестесі – бұл Компания жұмыс істейтін

ортаны неғұрлым дәл анықтауға, ақпаратты құрылымдауға және визуализациялауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ әрқайсысымен өзара әрекеттесу стратегиясын әзірлеуге көмектесетін құрал. Стейкхолдерлер картасының құрылымы үш деңгейге бөлінген: бірінші деңгейде Компанияның өзі орналасқан, екінші деңгейде – Компанияның қызметіне тікелей әсер ететін жалғыз акционер, еншілес және тәуелді ұйымдар, менеджмент, персонал, клиенттер және серіктестер. Үшінші деңгейде Компанияның жұмысына жанама әсер ететін мемлекеттік органдар, инвесторлар, жеткізушілер, бәсекелестер және бұқаралық ақпарат құралдары орналасқан.

Стейкхолдерлер картасында Компанияның әрбір стейкхолдерге әсер ету деңгейін көрсететін үш концентрлік аймақ ерекшеленеді:

- 1** Өкілеттіктер/жауапкершілік аймағы. Бұл аймақта Компанияның тікелей қарамағында болатын мүдделі тараптар орналасқан (***).
 - 2** Тікелей ықпал ету аймағы. Бұл аймақта Компанияның қызметіне тікелей әсер ететін стейкхолдерлерді қамтиды (**).
 - 3** Жанама ықпал ету аймағы. Бұл аймақта Компанияға жанама әсер ететін стейкхолдерлер орналасқан (*).
- Осылайша, стейкхолдерлер картасы әрбір мүдделі тарап тобымен тиімді және барабар қарым-қатынас стратегияларын құру үшін маңызды құрал болып табылады.




5 Кесте – Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу картасы

Стейкхолдерлер	Қызығушылық саласы					
	Стратег. даму	Қаржы	Сапасы	Заңнама	Операциялық қызмет	Беделі
Жалғыз акционер	•	•	•		•	
Еншілес ұйым	•	•			•	
Тәуелді ұйым						
Менеджмент	•	•	•	•	•	•
Қызметкерлер		•		•		•
Клиенттер			•			
Серіктестер			•			
Мемлекеттік органдар	•					
Инвесторлар	•				•	•
Жеткізушілер					•	
Бәсекелестер	•	•	•	•	•	
БАҚ						

- Әсер етудің жоғары дәрежесі
 - Төмен әсер ету дәрежесі
 - Қызығушылықтың жоғары деңгейі

2 Сурет – Стейкхолдерлер картасы





Экономикалық ықпал

Компания ұлттық экономика, қатысу аймақтары және қоғамның дамуына маңызды рөл атқарады, көптеген экономикалық салаларға көлік қызметтерін ұсына отырып, Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен елді мекендері арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Біздің Компанияның ең маңызды оң үлестері мыналарды қамтиды:

- шикізат пен дайын өнімді, оның ішінде мұнай-газ, көмір, металлургия және ауыл шаруашылығы сияқты салалардың өндірістік және

коммерциялық кәсіпорындарының өнімдерін тасымалдау экономика дамуына ықпал етеді және экспорт көлемін арттырады;

- жұмыс орындарымен қамтамасыз ету;
- салықтарды төлеу арқылы ел бюджетіне айтарлықтай кірістер әкелу;
- қызметкерлерге жалақы төлеу және олардың дамуына жағдай жасау;
- инвестициялар және басқа да қаржы салымдары.

6 Кесте – 2022-2024 жылдар кезеңіндегі тікелей экономикалық құнның құрылуы және бөлінуі

Көрсеткіштер	2022	2023	2024	2023/2022 өзгерісі, %	2024/2023 өзгерісі, %
Құрылған тікелей экономикалық құн					
Жалпы кіріс, мың теңге	44 016 528	46 339 385	32 669 799	5,3	-29,5
Бөлінген экономикалық құн					
Операциялық шығындар, мың теңге	26 043 965	33 000 868	22 786 806	26,7	-31,0
Басқа (кіріс/шығыс)	-1 043 934	-334 763	2 186 498	-67,9	753,1
Табыс салығы бойынша шығын	3 426 949	2 653 306	2 534 832	-22,6	-4,5
Сақталған экономикалық құн					
Бірыңғай акционерге тиесілі таза пайда, мың теңге	13 501 680	10 350 448	9 534 658	-23,3	-7,9

Мемлекеттен алынған қаржылық көмек Пайыздық мөлшерлемені мемлекеттік субсидиялау

2021 жылдың тамыз айында Компания Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік

комитетімен 2020 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ-де 6 236 млн теңге сомасында ашылған кредиттік желі бойынша жылдық 12,75% сыйақы мөлшер-

лемесімен 300 бірлік 80 футтық фитингтік платформалардан тұратын жүк вагондары паркін жаңартуға жұмсалған қаражат бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы келісімшарт жасасты.

Келісімшартта субсидиялау сомасы республикалық бюджеттік бағдарлама №212 «Жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша тасымалдаушы вагондарды және вагондар (контейнерлер) операторларын сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бойынша қарастырылуы тиіс деген шарт көзделген. Компания ірі көлік-логистикалық қызметтер көрсететін оператор болғандықтан, аталған Бағдарлама бойын-

ша қаржыландыру мемлекеттік субсидия ретінде қаржылық кірістер құрамында есепке алынады.

2022 жылғы 6 мамырда «Сбербанк» АҚ ЕБ-ден алынған несиені мерзімінен бұрын өтеуге байланысты субсидиялау туралы келісім де бұзылды.

2021-2022 жылдар аралығында келісім бойынша субсидиялау көлемі 299 775 мың теңгені құрады.

2023-2024 жылдары Компания мемлекеттік субсидиялар алған жоқ, Компанияның инвестициялық қызметін қаржыландыру тек өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Салықтық аударымдар

GRI 207-1

«Кедентранссервис» акционерлік қоғамының Салықтық есеп саясаты (СЕС) Компания Басқармасының шешімімен бекітілген және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық есебін жүргізу тәртібін реттейтін негізгі құжат болып табылады. Бұл құжат салық есебіне жауапты қызметкерлердің, соның ішінде бас бухгалтердің, бас салық менеджерінің және есепке жауапты басқа да қызметкерлердің міндеттері мен жауапкершіліктерін анықтайды.


СЕС-тің негізгі мақсаты – Компанияның және оның құрылымдық бөлімшелерінің Салық кодексінің талаптарын орындауын қамтитын салық есебін жүргізу тәртібін орнату. Саясаттың міндеттері салық міндеттемелерін орындауға бірыңғай тәсілді әзірлеу, салық есептілігін құрастырудың нысандары мен рәсімдерін жасау, сондай-ақ салық салу нысандарын анықтауда дәлдікті қамтамасыз ету болып табылады.

Компания корпоративтік табыс салығы (КТС), қосылған құн салығы (ҚҚС), әлеуметтік салық (ӘС), көлік құралдарына салынатын салық (КҚС), жер салығы (ЖС), мүлік салығы (МС), жер учаскелерін пайдалану төлемдері, қоршаған ортаға тигізетін теріс әсер үшін төлемдер, сыртқы (визуалды) жарнаманы орналастыру үшін төлемдер, әлеуметтік аударымдар (ӘА) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аударымдарын қоса алғанда, түрлі салықтар, алымдар мен төлемдерді төлеуші болып табылады. Сондай-ақ, Компания салық агентінің рөлін атқарады, жеке табыс салығын (ЖТС) және көздерден төленетін КТС-ті ұстап, аударарды.

Компания елдегі ең ірі салық төлеушілердің бірі болып табылады, Қазақстан Республикасының бюджетіне 2024 жылы Компания төлеген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасы 6 243 299 мың теңгені құрады (2023 жылы: 8 502 539 мың теңге).



14 Диаграмма - Компанияның 2021-2024 жылдар аралығындағы салық аударымдары, мың теңге



7 Кесте– Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасының 2024 жылғы бюджетіне төленген салықтар және басқа да міндетті төлемдер, мың теңге

Өңірлер	Барлығы, мың теңге	Үлесі, %
Барлығы	6 243 299	100
Астана қ.	5 335 097	85,45
Алматы қ.	97 801	1,57
Шымкент қ.	30 668	0,49
Ақмола облысы	3 861	0,06
Ақтөбе облысы	29 254	0,47
Алматы облысы	572	0,01
Атырау облысы	22 409	0,36
Шығыс Қазақстан облысы	46 710	0,75
Жамбыл облысы	729	0,01
Батыс Қазақстан облысы	20 455	0,33
Қарағанды облысы	24 817	0,40
Қостанай облысы	12 076	0,19
Қызылорда облысы	1 005	0,02
Маңғыстау облысы	303	0,005
Павлодар облысы	30 179	0,48
Солтүстік Қазақстан облысы		
Түркістан облысы		
Абай облысы	6 018	0,10
Жетісу облысы	581 345	9,31
Ұлытау облысы		

Сатып алу тәжірибесі


Сатып алу қызметі Қазақстан Республикасының «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңына және Қор мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу немесе одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік құқығы немесе сенімгерлік басқару құқығы бойынша Қорға тиесілі ұйымдармен сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Бұл тәртіп Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген.

Сатып алу туралы барлық ақпарат Компанияның корпоративтік сайтында <https://www.kdts.kz/ru/zakupki/>, сондай-ақ арнайы сатып алу порталын-

да <http://www.zakup.sk.kz> орналастырылады және барлық әлеуетті жеткізушілерге қолжетімді. Электрондық сатып алу жүйесін енгізудің арқасында сатып алу процесінің тиімділігі айтарлықтай артты, ал процестің ашықтығы едәуір жақсарды. Жүйе сатып алу процесін дәлірек бақылауға және әлеуетті жеткізушілермен өзара әрекеттесуді жақсартуға мүмкіндік береді.

2024 жылы жеткізушілермен жасалған шарттардың сомасы 8 723 378 мың теңгені құрады, оның ішінде бәсекелік сатып алулардың үлесі 92,1%, холдинг ішіндегі кооперация – 2,4%, ал бір көзден сатып алу – 7,9%.

15 Диаграмма - Компанияның 2022-2024 жылдар аралығындағы сатып алулары сатып алу тәсілдері бойынша, мың теңге





8 Кесте- Компанияны 2022-2024 жылдар кезеңінде өңірлер бөлінісінде сатып алу, мың теңге

	2022	2023	2024
Жалпы қорытынды, мың теңге	9 783 447	14 186 706	8 723 379
Қазақстан Республикасы	1 649 759	4 279 028	231 044
Астана қ.	866 242	1 476 159	969 837
Алматы қ.	1 617 715	2 186 441	821 201
Шымкент қ.	70 570	70 556	121 843
Ақмола облысы	65 789	88 659	82 488
Ақтөбе облысы	36 856	88 623	72 500
Атырау облысы	68 714	46 710	303 112
Шығыс Қазақстан облысы	179 835	247 590	263 662
Батыс Қазақстан облысы	80 930	45 325	215 402
Қарағанды облысы	54 302	90 689	55 216
Қостанай облысы	943 193	282 737	36 346
Павлодар облысы	166 996	54 510	395 359
Абай облысы	179	56 952	243 449
Жетісу облысы	2 819 767	3 550 649	4 911 888
Резидент еместер	0	0	0

Жергілікті қамтуды дамыту

Компания жергілікті бизнесті дамытып, жергілікті жеткізушілер мен мердігерлерді қолдауға ұмтылады, бұл жергілікті экономиканың дамуына ықпал етеді және аймақ тұрғындары үшін қолайлы экономикалық және әлеуметтік орта қалыптастырады.
